

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ХАЛҚЫМЫЗҒА ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ПЕН ҚАУІПСІЗДІК КЕРЕК

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№22
(1829)
4 маусым
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжамыт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

ЖАЗ КЕЛДІ ДЕП, ҚҰР МӘЗ БОЛМА...

Жаздың екінші айы басталды. Мектеп оқушылары мен студенттер каникулға шықты. Үкімет пен жергілікті биліктерілерге жауапкершілік күшейді. Осы жазғы демалысқа байланысты өткен кешегі Үкімет жиналысында Үкімет басшысы О.Бектенов айтып отырғандай: – «Балалардың көпшілігі жазғы демалысқа шығады. Осы жауапты кезеңді тиісті деңгейде әрі қауіпсіз өткізу – барлық мемлекеттік органдар үшін ортақ міндет. Әрбір мектеп оқушысы, әрбір түлек, әрбір студент үшін оқу жылын сәтті аяқтауға және жазғы демалысты толыққанды өткізуге қолайлы жағдай жасалуы тиіс».

Жыл сайын жасөспірімдердің жазғы демалысы жаңалықтары көп-ақ. Мәселен, биылғы жылы 187 маусымдық балалар білім беру-сауықтыру орталығы, мектеп жанындағы тамағы бар, тамағы жоқ 11 мыңнан астам лагерлер 3,1 млн. баланы қамтиды деп ақпарат берілуде.

Жазғы демалысты жай өткізбей, мағыналы етуге Үкіметтің талпынысы да, жергілікті биліктерілерге тапсырмасы да күшті-ақ. Өлгі орталық, лагер дегендердің барлығы «азаматтық, адамгершілік және мәдени құндылықтарды дәрiптeуге және "Адал адам" буынын дайындауға бағдарлануы тиіс».

Қызылорда облысында да 1 маусымнан бастап бір мезетте тоғыз лагер өз жұмысын бастап, мыңдаған баланың жазғы демалысын мәнді, мазмұнды етпекші. Бұдан бөлек Мемлекет басшысының қолдауымен материалдық-техникалық базасы мен білім беру мүмкіндіктері жағынан елімізде еш баламасы жоқ, жақында ашылған "Ai-Kerim" оқу-сауықтыру лагерінде робототехника, ұшқышсыз ұшу аппаратын басқару, инженерлік жобалау, IT технологиялар және де басқа үйірмелер жұмыс істейді. Оның үстіне күні кеше қаладағы Президент саябағы аумағынан балаларға қызмет ететін Ботаникалық бақ та биылғы жазғы демалысқа үлкен базарлық болды. Мемлекет басшысы тапсырғандай, Үкімет жиынында талқыланғандай, Ботаникалық бақ нағыз экологиялық танымды, туризмді дамытуға арналған алаң. Қайсыбір мәселеде болмасын, қай кезде де көш басында жүретін Қызылорда балалар демалысын ұйымдастырудан әзірге алда тұр.

Үкімет тапсырмасынан «Таза Қазақстан» да тыс қалып тұрған жоқ. «Жазғы жұмыспен қамту бағдарламаларына экологиялық акцияларды, волонтерлік жобаларды, аумақтарды абаттандыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған

ортаны ұқыпты қарау шаралары енгізіледі» деген Үкімет тапсырмасына орай биылғы маусымның алғашқы күнінен бастап өңірдің барлық ауданының, қаласының, «Байқоңыр» қаласының 1000-нан астам жастарын қамтыған «Жасыл ел» жобасы басталды. Облыс әкімі М.Нәлқожаұлы жастармен кездесуінде «Бұл жоба мыңдаған жастың еңбек тәжірибесін жинақтап, туған жердің көркеюіне өз үлесін қосына зор мүмкіндік беріп келеді. Бұл жастарды еңбекке баулып қана қоймай, олардың бойында жауапкершілік, патриотизм және қоршаған ортаға деген жанашырлық қасиеттерді қалыптастырады» деп «Жасыл елден» үлкен үміт күтетінін жасырмады.

Жастар арасындағы үлкен жұмыстың бірі «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру барысында профилактикалық жұмысты күшейтуге де Үкімет назар аударды.

Үкімет басшысы О.Бектенов бұл тұрғыда: – «Кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасына назар аударып, мәдениетсіздік пен вандализм көріністеріне белсенді түрде қарсы тұру қажет. Жақында Мемлекет басшысы осы мәселеге ерекше назар аударды. Оны шешуге өрте жастан бастап кірісу керек. Ең алдымен, мінез-құлық мәдениеті, кітап оқуға деген сүйіспеншілікті дәрiптeуге, өз елі мен өлем тарихын білу сияқты құндылықтарға

баса мән берілуге тиіс. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғалары мен төтенше жағдайлардың алдын алуға тартылған барлық қызметтер мен бөлімшелердің іс-қимылын нақты үйлестіру қажет» - деп талап қойды.

Үкіметтің тағы бір тапсырмасы жаз мезгілінде «балалардың музейлер мен театрларға, кітапханалар, мәдени орталықтар мен ұлттық саябақтарға тегін бару бағдарламаларын кеңейту болды».

Әзірге аймақта парктар тегіншілігі көзге көрініп тұрған жоқ, алайда мұражай жақсы бастама бастап жіберді. Үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, елге белгілі айтыс акыны, аймақтағы Н.Бекежанов атындағы драма театрының директоры Мұхтар Ниязов мұражайдың «Жұлдызды гид» жобасымен мұражайда жастарға гид болып жүр...

Жұмыс істейтін жастардың да жайы Үкіметтен қалып қалмады. Үкіметтің «жастардың барлық еңбек құқықтары мен қауіпсіздік нормалары сақталуы керек» дегені шын жанашырлығы.

«Аз қамтылған отбасылар мен ауылдық жерлердегі балалардың бос уақытына назар аудару керек. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан, сондай-ақ ауылдық жерлердегі балалардың демалысы мен оларды сауықтыру шараларын ұйымдастыруға басымдық беру» ыстық жаздың күйіп тұрған мәселесі екені белгілі...

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен оқу жылының қорытындысы және білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері талқыланған Үкімет отырысына облыс әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына маңызды тапсырмалар жүктеді.

Биылғы оқу жылын аймақтағы 320 мектепте 189 288 оқушы аяқтады, 10 мыңнан астам жас түлек мектеппен қоштасып, жаңа өмірге қадам басты. Олардың ішінде 987 оқушы «Алтын белгіге», 1141 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. 10 мамыр – 10 шілде аралығында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеудің шешуші кезеңіне 9 250 оқушы қатысады.

– «Күні кеше облыстағы барлық мектепте оқу жылының аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар өз деңгейінде өтті. Енді аттестат табыстау шарасы бар. Бірінші кезекте жас түлектердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз керек. Білім басқармасына полиция департаментімен, құзырлы мемлекеттік органдармен бірлесіп, аттестат табыстау шарасында және жазғы каникул кезінде кезекшілік, рейд ұйымдастыруды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тапсырамын.

Жазғы тынығу лагерлері 1 маусымнан өз жұмысын бастайды. Жақында Президент паркінің аумағында жыл он екі ай жұмыс істейтін 300 орындық «Ай-Керім» оқу-сауықтыру орталығы ашылды. Онда азаматтық-патриоттық, рухани-мәдени құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды тұрақты өткізу керек.

Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен салынған «Сыр жұлдыздары» академиясы, «Құзыреттілік орталығы», «Оқушылар сарайы», «Теннис орталығы», облыстық тарихи-өлкетану музейінің әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет. Жаңа нысандардың барлығы жыл бойы балаларымыздың игілігі үшін қызмет етуі тиіс», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

✓ «Таза Қазақстан» тұжырымдамасына байланысты тағы да атап өткім келеді. Қалалар мен ауылдарды көркейту, аумақтарды көгалдандыру жұмысына әрдайым ерекше мән беру қажет. Сондай-ақ экологиялық мәдениетті көтеру мәселесіне көңіл бөлген жөн. Әсіресе, адамдардың туристік нысандар мен табиғат аясындағы тәртібіне айрықша назар аудару маңызды.

Тәртіп бұзушыларды, яғни, вандалдарды заңға сәйкес жауапқа тарту қажет. Бір сөзбен, құқықтық нигилизмге қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Заң мен тәртіпке құрметпен қарау дегеніміз – жазадан қорқу емес, бұл – ең алдымен жауапкершілік сезімі жоғары азаматтарға тән айрықша болмыс. Осы маңызды дүниені дұрыс түсінген жөн.

Қазіргі бұлыңғыр, әскери қақтығыс толы заманда елімізге татулық пен тұрақтылық ауадай қажет. Онсыз ешқандай реформа, жалпы оң өзгеріс болмайды. Сондықтан құқық қорғау мекемелері заң бұзушылықтарға қатаң шаралар мен жазаларды қолдануы керек.

Кейбір елімізді жақтырмайтын, менсінбейтін кісілер, өкінішке қарай, солардың ішінде Парламент депутаттары бар, құқықтық әрекеттерімізді «Штрафстан», «Айыппұлстан» деп атайды екен. Мейлі, өз ойларының келтелігін көрсете берсін. Ал халқымызға қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік керек. Сондықтан біз осы жолдан таймаймыз, батыл түрде «Заң мен тәртіп» саясатын жүргіземіз. Себебі бұл – халқымыздың талабы, халқымыздың сұранысы. Бүкіл қоғам да, өкімдер де бұл мәселеге баса назар аударуы керек.

✓ Өздеріңізге мәлім, біз наурыз айында конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық. Бірлігі мықты, жауапкершілігі жоғары ел ретінде жаңа Ата заңды қабылдадық. Конституция – мемлекеттіміздің мызғымас тірегі, халқымыздың темірқазығы. Еліміздің Бас құжатында азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру, заңға құрмет, табиғатқа жанашырлық, шынайы отаншылдық, еңбекқорлық, білім-ғылым және жоғары технологиялар қағидаттары айқын көрініс тапты. Сондай-ақ Конституцияда еліміздің, жеріміздің тұтастығын, Егемендігін және Тәуелсіздігін қорғау әр азаматтың қасиетті борышы деп жазылды.

Осы орайда, әрине, нағыз отаншыл азаматтың озық үлгісін, ең алдымен, мемлекеттік қызметшілер көрсетуі керек. Бұл – ел мүддесі үшін еңбек етіп жүрген әрбір қызметшінің қастерлі парызы. Лауазымды тұлғалар, күштік құрылымдар мен басқа да билік өкілдері Конституцияға үнемі сілтеме жасауы керек. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында адамдар өмірде болсын, кинода болсын, Конституцияны аузынан тастамайды. Біз де осындай құқықтық мәдениет қалыптастыруымыз қажет. Біз ең алдымен ұлттық болмысымызға оң әсер етеді.

Бас құжатымыз адами құндылықтар мен заң нормаларының жиынтығы ғана емес, ел дамуының қозғаушы күші болуға тиіс. Тұғырына қонған Конституциямыз қоғамдық келісімді түбегейлі жаңа деңгейге көтеруі керек. Мемлекет пен қоғам арасында шынайы серіктестік орнап, белсенді, жанашыр азаматтар ұлттың жасампаз күшіне айналуы қажет. Сондықтан Конституцияның нормалары барлық жерде, соның ішінде азаматтық және әскери жоғары оқу орындарында, мектептер мен әскери бөлімдерде, мемлекеттік және жеке кәсіпорындарда екі тілде қатар қолжетімді болуға тиіс.

Бүгінде қолданыстағы заңнамаларды Конституция талаптарына сай өзгерту жұмысы жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта Құрылтай сайлауы өтеді, Халық кеңесі құрылады. Қазір Парламент «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға түзетулер енгізуде. Бұл өзгерістер күшіне енген соң мәслихаттардың ықпалы артады.

Аймақтағы депутаттар бюджетті бөлуге тікелей араласатын болады. Соның нәтижесінде облыстар мен қалалардағы жергілікті өкілді биліктің бақылау тетіктері күшейеді. Бұл маңызды қадам аймақтардың дербестігін арттыра түседі.

(Мемлекет басшысының Аласта қаласын дамыту жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінен)

Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Бөкенбайұлы ҚАЙРУЛЛАЕВ:



ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕГЕ СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ

4-бетте

ЕСІРТКІ ЕГІП ЖҮРГЕН КІМДЕР?

«Есірткіге ес кетпесін» деп айтып келеміз. Айтқанмен не пайда, ес кетіп бара жатыр. Күні кеше Үкімет басшысы Олжас Бектенов Назшақорлықтың алдын алу және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі республикалық штабтың отырысын өткізді.

Онда айтылған жайларға назар аударсақ, жыл өткен сайын есірткі қылмысының жанданып, жасарып келе жатқанын байқаймыз. Мәселен Ішкі істер министрі Е.Сәденов өз баяндамасында 1,2 мыңнан астам есірткі қылмысының жолы кесілгенін, 6 ұйымдасқан қылмыстық топ, оның ішінде бір трансулттық топ жойылғанын, «Киберқағалау» жүйесі арқылы 5 мың интернет-ресурс бұғатталғанын, антифрод орталығының көмегімен 100 млн. теңгеден астам сомаға транзакциялар тоқтатылғанын баяндады. Одан бөлек бір жарым тоннаға жуық синтетикалық есірткі тәркіленді, бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп, сондай-ақ 11 мыңнан астам прекурсор (әлеуетті 1,5 мың синтетикалық есірткі) тәркіленді. Күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналуына

Премьер-министр О.БЕКТЕНОВ:
– «Ұлттың өмірі мен денсаулығы, сондай-ақ болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік мәселесі жаңа Конституцияда жоғары құндылықтар ретінде бекітілген. Осы орайда есірткіні тарату мен қолдану барлық азаматқа қатер төндіреді, әсіресе жастардың болашағына балта шабады».

қатысты 100-ге жуық дерек анықталды. Құрамында азот тотығы бар, «көңілді көтеретін газ» атауымен белгілі 1,5 мыңнан астам баллон және 2 автоцистерна тәркіленді дейді.

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева кешенді жұмыстар бірнеше бағыт бойынша жүргізіліп жатқанын баяндады. Оның баяндауына жергілікті атқарушы органдардың нашакорлыққа қарсы күресті қамтитын қоғамдық қауіпсіздіктің негізгі бағыттары бойынша ақпараттық белсенділігіне мониторинг жүргізілуде.

Осы жылдың басынан бері әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде 4,5 мыңнан астам заңсыз материалдар жойылған. Жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып есірткі заттарына қатысты вирустық контенттерді анықтайтын «MERGEN» жобасы аясында 22 мыңнан астам цифрлық контент өңделіп, 6,1 мыңнан астам есірткі дүкендері бұғатталған. Бұл азаматтар желідегі есірткіні насихаттаумен байланысты ақпараттарға тап болуын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берген.

Елмен бірдей 1 маусымнан бастап Қызылорда облысында да «Қара сора-2026» жедел алдын алу іс-шарасы басталды. Бұл науқан қазанның 31-не дейін созылады екен. Яғни егінші елдің егін егуімен басталып, егінді жинап алуымен аяқталады. Бұл іс-шараның ауқымдылығы сондай тікшақтар, жоғары өтімді автокөліктер, қызметтік іздестіру иттері, тағы да басқа заманауи техникалық құралдар пайдаланылады. Құрамында есірткі бар өсімдіктердің шалғай аудандағы ошақтарын анықтау үшін ұшқышсыз ұшу аппараттары мен ғарыштық мониторинг мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Бір қарағанда есірткіден аңа сияқтымыз. Оған ес

кетіп жүрген ешкім байқалмайды. Алайда ресми орындардың мәліметі бойынша «Жастар мен тұрғындар арасында есірткі таралуының алдын алуға бағытталған кең көлемді акция өтіп, қала аумағындағы

ғимараттардың қабырғаларына, қоршауларға, қоғамдық орындарға жазылған есірткі сататын интернет-дүкендердің мекен жайлары бар граффити жазулары боялып, жойылған. Демек...

Үкімет отырысынан кейін Қызылорда облысы әкімдігінде өткен мәжілісте облыс әкімі М.Ергешбаев осы және өзге де мәселелерге орай жауапты сала басшыларына бірқатар нақты тапсырма берді.

Атап айтқанда, интернет кеңістігіндегі есірткі насихатына қарсы мониторингті күшейту, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардағы заңсыз контентке жедел әрекет ету керек. Сондай-ақ есірткі таратудың жаңа арналарын анықтауға бағытталған жедел-профилактикалық шараларды жандандыру міндеттелді.

Отырыста жастар мен жасөспірімдер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, тәуекел топтарымен жүйелі профилактикалық жұмыс жүргізу қажеттігі сөз болды. Бұл бағыттағы шаралар Президент Әкімшілігі мен Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Күн тәртібінде мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға енгізілген өзгерістер де қарастырылды. Есірткіні, психотроптық заттарды медициналық емес мақсатта қолдану, масаң күйде көлік басқару мемлекеттік қызметшінің беделіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылық ретінде танылады. Ал жұмыс орнына масаң күйде келу, медициналық куәландырудан бас тарту қызметтен босатуға негіз болады.

Жазғы демалыс маусымында балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру маңызды. Осыған байланысты демалыс орындарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тексеріліп, талапқа сай емес нысандардың қызметшіні шектеу, жол-көлік қауіпсіздігін күшейту және жазатайым оқиғалардың алдын алуда түсіндірме жұмысын жүргізу тапсырылды.

Кемелетке толмағандарды түнгі уақытта қадағалау үшін рейдтік іс-шаралар өткізу, қоғамдық қауіпсіздік назардан тыс қалмауы тиіс.



нағыз азамат. Жұмақожаны қалай айтсаң да, қай қырынан қарасаң да, қандай өлшемге салсаң да етек жеңі кең, көлеңкесі мен шуағы мол, ірілігіне кішілігі, даналығына даралығы, азаматтығына айбындылығы жарасқан, үлкен жүректі, бір төбедей азамат еді.

Достық – қасиетті сөз, қасиетті сезім, ол тек жөні түзу адамдар арасында ғана қалыптасатын өзара құрмет негізінде дамиды. Дос таба білудің өзі, дос таңдай білудің өзі, досты сақтай білудің өзі үлкен адами қасиет. Азаматтық ерлік, табиғи талант туралы әңгіме Жұмақожаға арналған. Досыма арнайы ой жазуға сол досымның өмірден

қуаламайтын, бәрі де болсын, бәрі де оңсын дейтін қаны да, жаны да таза, ешкімге қиянат жасамаған, ешкімнің ала жібін аттамаған, ешкімнің бетіне жел болып тимеген, ешкімнің көңіліне көлеңке түсірмеген, тіпті жерге де салмақ салмай жүретін көпшіл, халықшыл, иманшыл жан еді. Ол кісілігіне кішілігі жарасқан, даналығына балалығы жарасқан, еліміздің ағасындай, ағайынның жағасындай, суымыздың сағасындай азамат еді. Үлкендердің ортасында кіші емес, кішілердің ортасында үлкен емес, жусаннан аласа, сүттен ақ, судан таза болатын. Оның бар байлығы бақыты еді. Сол бақыттың бірі – тәңір, тағдыр сыйлаған

атқарып отырған жайы бар. Бибіайымға айтатын алғысымыз мол, жамандықтың лебі соқпасын демекпіз.

Жан қимас дос болсаң сыйласумен жүрерсің, Шашылып жатса шетінен жинасумен жүрерсің. Кемшілігі болса кешіріп, татуласумен жүрерсің Сыртынан айтқан сәлемін мақұлдасумен жүрерсің. Не жетеді нағыз досқа, асылға Қуансаң да, қайғырсаң да қасында. Қиналады сен қиналсаң болғаны Ұйықтамайды сен ұйықтамаасаң ол дағы, - дегендей ең бір ажырамас достық жастық шақтан басталған.

АЙМАҚТЫҢ ДАМУЫНДА АТЫ ҚАЛҒАН ЖҰМАҚОЖА

Қай заманда болмасын, қатарың сиреген сайын жан-жағыңа қарайлап, ауыр ой басатын көрнеді. Солардың ішінде өзін жақсы көретін дос, жолдастарың болса ше? Қай елде де, қай жерде де әр заманның өзіне лайықты белгілі азаматтарының болғаны сөзсіз. Солардың ішіндегі бірегейі марқұм болған біздің досымыз Баязитов Жұмақожа еді.

Жұмақожамен 58 жыл бұрын кездескенбіз. Өткен ғасырда, яғни 1968-ші жылдың май айы кезі болатын. Сол жылы интернационалдық борышымызды өтеу жолында Совет армиясының қатарында Варшава шарты бойынша жеті мемлекеттің әскери қарулы күштерінің құтастырумен, Чехословакия республикасының қатарында Варшава шарты бойынша жеті мемлекеттің әскери қарулы күштерінің құтастырумен, Чехословакия республикасының құтастырумен қорғау қалуга жауынгерлік қақтығысқа Қодаманов Бақытжан, Ашимов Әбдірашід, Молдағалиев Қалтай, Баязитов Жұмақожа және Жаппасбаев Ақылтай қатысқан еді.

Жауынгерлік борышымызды ойдағыдай атқарып, елге оралып, жан тазалығы жарасқан, сапары сәтті болған, халықтан, уақыттан, тарихтан, мемлекеттен өзінің лайықты бағасын алған, бақ қарап, қыдыр дарыған бақытты азамат еді. Жанқожа болмысына ақылы сай, шоқтығы биік, көп сөйлеп кісіні мезі етпейтін, бойында тоғысқан адами қасиеттерімен ел жадына ерекше енген есім. Қазақша “Жылқының жылқысы бар, қазанаты бір басқа, Адамның адамы бар, азаматы бір басқа” демеуші ме еді? Осылай айтылған сөз Жұмақожа секілді азаматтарға айтылған болуы керек.

Ол уақыттың, тарихтың, халықтың әділ таразысына түсіп, өмірдің бар сынынан сүрінбей өткен, иманы мен намысына дақ түсірмеген

озғанына бір жылдай уақыт болып қалғаны себеп болып отыр.

Жұмақожаның сабырлығы, байсалдылығы, көкейіндегі тобықтай түйінін бірден айтатыны көп адамда кездесе бермейді. Арсыз өлім кімді аяған, дегенмен мәселе өлген адамды мақтау емес, тиісті бағасын беру деп білемін.

Ақыл ойы кемел өрісі кең Азамат Еліне сіңген еңбегі зор Азамат Іспен сөзді тең ұстаған Азамат Досты сыйлап, қолдау берген Азамат. Ақылы асқан, сөзі ақыл Жұмақожа, Ісіне берік еңсесі биік Жұмақожа Ел ішінде абыройлы Жұмақожа Біртуар, дарынды тұлға Жұмақожа.

Баязитов Жұмақожа Бәкірұлы 1949 жылы Өзгент ауылында дүниеге келген. 1956 жылы білім жолын Октябрь мектебінен бастады. Бірлік орта мектебінің 8 класын бітіріп, Қызылорда политехникумын тәмамдап, 1968 жылы жауынгерлік борышын 1970 жылға дейін Варшава әскери ұйымының құрамында болып, Чехословакия республикасының тұтастығын сақтап салуға интернационалдық борышын ойдағыдай атқарып, еліне құрметпен оралды. Жоғары білімді, Жамбыл сұқбырлық институтын бітірген соң, Жаңақорған аудандық су шаруашылығына жұмысқа тұрып, бөлім басшысының қызметін атқарды. Жұмақожа өзінің жасампаздық, жанқиярлық еңбегінің арқасында Өзгент совхозының директорының орынбасарлық жұмысын кіршіксіз адал еңбегімен атқарды.

Суармалығын шаруашылығын қалыптастырып, инженерлік жүйеге келтіруге ерекше еңбек еткен Жұмақожаның еліне, халқына, қоғамға адал еңбекпен, жасаған сауабы аса бермес асқар таудай. Оның еңбегі елдің, халықтың есінен ешқашан ұмытылмайды.

Ол ешкімді де бөле жармайтын, алапал,

достары Әбдірашід, Қалтай, Бақытжан және Ақылтай. Біздің достығымыз жәй ғана аты-өтті емес, жүрек қалауы, ішкі түсіністіктің, үйлестіктің, пікірлестігіміздің бірлігі болса керек.

“Құяр судан бөлінсе көл тұнар” дегендей, адал достан айырылсаң көңіл тұнады екен. Жұмақожаның бейнесі көз ұшында, көңіл түкпірінде сағым болып қалды. Уақыт керуені көшіп келеді. Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды деген бар, сүйікті жары Серікбаева Бибіайым екеуі 1971 жылы отау құрып, екі ұл, төрт қыз баланы дүниеге әкелген, 54 жыл бірге өмір сүріп, келмес сапарға кеткенше, өмірдің қиындығына мойымай, қызығына масаттанбай сабырлы қалпымен бірге жарасымды өмір кешті. Отбасында 6 ұл-қыздары жапырағын жайып, өркендеп ата-анасының мақтаныштарына айналды. Жұмақожа әулетіне қамқоршы аға, ағайынның қуанышы мен қайғысына ортақ болып көлеңкесін түсіріп, шуағын жайып жүретін. Бибіайым оған адал жар болып, ата-аналық борышына жауапкершілікпен қарады. Ұл-қыз өсіру де үлкен бақыт, жоғары мәртебе екендігін де айта кеткендігіміз орынды болар.

Асыл досымыз Жұмақожаның бұл фәниден о дүниеге алып кеткен бақыты да осы болар, сірә. Жанқожа көрмеген ғұмырлы сәттерін ұрпақтары қызығымен жалғастыра беруіне тілектеспіз. Бүгінде Жұмақожаның жары Бибіайым қазақ әйелдеріне тән артында қалған міндеттерін ойдағыдай

Жұмақожаның досы Жиенқожаев Өсет былай еске алады: Жұмақожаның әкесі Бәкір өте еңбеккер оқиған, табиғатынан таза, еліне қадірлі, ағайынға қолайлы жан еді. Әкесінің бар жақсылық қасиеті, тіршілігі, білімділігі, білгірлігі Жұмақожаның бойынан табылып, жеті қазының бірі мергендік, балық аулау, аң аулау, егіс езу, қолына алған шаруашылықтарды іскері әкеден көрген тәрбиеден болғаны хақ. Өткен күндердің бәрі емес, есте қалған күндер ғана өмір.

Заң және тәртіп

АТҚАРУ ПАРАҚТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Мемлекет дамуының басты қағидаларының бірі – заңның үстемдігі мен сот шешімдерінің мүлтіксіз орындалуы. Қазақстанда жүргізіліп жатқан конституциялық реформалар азаматтардың құқықтарын қорғауға, әділетті қоғам қалыптастыруға және құқықтық мемлекетті нығайтуға бағытталған. Осы орайда атқару парактарының орындалу мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. 2022 жылғы жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдегі құқықтық жүйенің жаңа кезеңін бастады. Жаңартылған Конституцияда «Адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары – мемлекеттің ең қымбат қазынасы» екені тағы да нақты айқындалды. Бұл қағида сот актілерінің орындалуына да тікелей қатысты. Сот шығарған шешімнің орындалуы – азаматтардың құқықтарының шындығы қорғалуының басты кепілі. Егер сот шешімі орындалмаса, онда әділ сот төрелігінің мәні де төмендейді. Сондықтан мемлекет атқарушылық өндіріс жүйесін жетілдіруге ерекше көңіл бөлуде. Атқару парағы – сот шешімін орындауға негіз болатын ресми құжат. Ол арқылы қарыз өндіру, алимент төлеу, еңбек даулары бойынша төлемдер жасау, мүлікті қайтару және басқа да міндеттемелер орындалады. Атқарушылық іс жүргізуді мемлекеттік және жеке сот орындаушылары жүзеге асырады.

Жаңа Конституцияда заң мен тәртіп қағидасына ерекше басымдық берілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында «Заң және тәртіп» қағидасы Жаңа Қазақстанның басты бағдары болуы тиіс екенін бірнеше рет атап өтті. Бұл атқарушылық өндіріс саласына да үлкен жауапкершілік жүктейді. Бүгінде атқару өндірісін цифрландыру арқылы көптеген жұмыстар жеңілдетілді. Азаматтар электронды жүйе арқылы өздерінің берешектерін тексеріп, атқарушылық іс қозғалғаны туралы

ақпарат ала алады. Сонымен қатар сот орындаушыларының қызметін бақылау күшейтіліп, ашықтықты қамтамасыз ету бағытында жаңа тегістер енгізілуде. Дегенмен, бұл салада түйткілді мәселелер әлі де кездеседі. Кейбір борышкерлер табысын жасырып, заң талаптарын орындаудан жалтарады. Әсіресе алимент өндіру мәселесі қоғамда өзекті болып отыр. Баланың құқығы – Конституциямен қорғалатын маңызды құқықтардың бірі. Сондықтан алимент төлемесу тек құқық бұзушылық қана емес, адамгершілік жауапкершіліктен де жалтара болып саналады. Конституциялық реформалардың негізгі мақсаты – әділетті мемлекет құру. Әділетті қоғамда әр азамат заң алдында тең болуы тиіс және сот шешімі міндетті түрде орындалуы қажет. Бұл – құқықтық мәдениеттің маңызды көрсеткіші. Сондай-ақ жаңа реформалар аясында азаматтардың сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдану мүмкіндігі де кеңейтілді. Егер атқарушылық өндіріс барысында заңсыз әрекеттер орын алса, азаматтар сотқа немесе уәкілетті органдарға жүгінуге құқылы. Бұл құқықтардың сақталуына және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі қоғамда сот шешімдерінің уақытылы әрі толық орындалуы құқықтық мемлекеттің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Сот үкімі немесе шешімі шығарылғанымен, оның орындалмауы азаматтардың құқықтарының қорғалуына әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда атқару парактарын орындау жүйесінің маңызы ерекше. Атқару парағы – сот шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған ресми құжат. Ол заңды күшіне енгеннен кейін беріледі және борышкерге белгілі бір міндеттерді жүктейді. Мысалы, қарыз өндіру, алимент төлеу, мүлікті қайтару немесе келтірілген шығынды өтеу секілді талаптар осы құжат арқылы жүзеге асырылады. Бүгінде атқарушылық өндірісті мемлекеттік және жеке сот орындаушылары

жүргізеді. Олар борышкерге алдымен міндеттемені ерікті түрде орындау туралы ескерту береді. Егер талап белгіленген мерзімде орындалмаса, заңға сәйкес мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Атап айтқанда, банктік шоттарға тыйым салу, жалақыдан ұстап қалу, мүлікке шектеу қою және елден шығуға уақытша тыйым енгізу секілді әрекеттер жүзеге асырылады. Соңғы жылдары атқарушылық өндірісті цифрландыру жұмыстары қолға алынып, көптеген қызметтер электронды форматқа көшірілді. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеп, процестің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беруде. Дегенмен, салада шешімін күтетін мәселелер де аз емес. Кейбір борышкерлер табысын жасырып, мүлкін басқа адамдардың атына рәсімдеу арқылы жауапкершіліктен жалтарауға тырысады. Мұндай жағдайлар сот шешімдерінің орындалуын қиындатады. Сонымен қатар алимент өндіру мәселесі қоғамда өзекті болып отыр. Кей ата-аналардың балалар алдындағы міндеттерін орындамауы әлеуметтік қиындықтарға алып келеді. Сондықтан алимент төлеуден жалтарған азаматтарға қатысты заң талаптары күшейтілуде. Мамандардың пікірінше, атқару өндірісінің тиімді болуы үшін азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру маңызды. Әр адам сот шешімін орындау заң алдындағы міндет екенін түсінуі қажет. Атқару парактарының орындалуы – әділдіктің нақты көрінісі. Сот шешімі толық орындалғанда ғана заңның күші мен мемлекеттің беделі артады. Сондықтан бұл саладағы тәртіп пен жауапкершілік қоғам үшін аса маңызды.

Қорыта келе атқару парактарының орындалуы – заң үстемдігі мен әділеттіліктің нақты көрінісі. Жаңартылған Конституция талаптарына сәйкес әрбір сот шешімі уақытылы әрі толық орындалуы тиіс. Сонда ғана қоғамда әділдік орнап, азаматтардың мемлекетке деген сенімі нығая түседі.

Қуанышбаева Галия Батырханқызы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты бас маман сот отырысының хатшысы

2026 жылғы III-тоқсандағы Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Жалағаш кенті	Садыхов Талғат Куракбаевич	Бөлім басшысы	Сәрсенбі 16.00 ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ұлы Жентінің 50 жылдығы к-сі, №20	8(724-31) 21-3-91

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акима сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде** азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Желтоқсан и К» ЖШС
Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА
Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1
Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы
Байланыс және Ақпарат Агенттігінде
тіркеліп
№14611-Г «7» қараша
2014 жылы күәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі
нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

«ROSA GROUP» КОМПАНИЯСЫНЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАР ШЫҒАРУ ЗАУЫТЫНЫҢ КАПСУЛАСЫН САЛУ РӘСІМІ



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен арнайы келген «Rosa Group» компаниясының бас директоры Даниэль Хурадо Эрнандеспен кездесті.

Кездесуде аймақ басшысы өңірдің инвестициялық әлеуеті, өндіріс орындарын дамытуда атқарылып жатқан жұмыстар, алда жүзеге асатын жобалар туралы айтты.

«Ең алдымен, өңірге арнайы іссапармен келгеніңіз үшін ризашылығымызды білдіремін.

Сантехникалық бұйымдар өндірісіндегі әлемдік көшбасшылардың бірі, ғасырдан астам тарихы бар «Rosa Group» компаниясымен серіктестік орнату - біз үшін үлкен мәртебе.

Мемлекет басшысының қолдауымен соңғы төрт жылда аймағымызға 2,3 трлн. теңгеден астам инвестиция тартылды. Оның басым бөлігі - жеке инвестициялар.

Алдағы уақытта жаңа өндіріс орындарын ашу мақсатында 1 трлн. теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталады. Ертең Өздеріңізбен бірге келген құрметті «Rosa» зауытының іргетасын қалаймыз.

Санитарлық-техникалық бұйымдар өндіру жобасы 2024 жылдың қолға алынды. Сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбеқұлы бастаған Қызылорда облысының делегациясы Испания Корольдігіне арнайы іссапармен барып, компанияның өндіріс орындарымен танысты.

Өткен жылдың маусым айында «Rosa Group», ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі және Қызылорда облысының әкімдігі арасында ұшжақты келісімге қол қойылып, желтоқсан

айында инвестициялық келісім жасалды.

Мемлекеттік қолдау ретінде Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағынан 24 гектар жер телімі берілді.

Қызылорда қаласында 44,1 млрд. тұратын «Rosa Group» санитарлық-техникалық бұйымдар шығару зауытының құрылысы басталды. Кәсіпорында 300 адам жұмыспен қамтылып, жылына 500 мың өнім өндіріледі. Жоба Үкімет, Қызылорда облысының әкімдігі және аталған компания арасындағы ұшжақты келісім негізінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Үкіметпен бірлесіп, елімізде өндірілмейтін, инновациялық және экспортқа бағытталған жоғары сапалы өнім шығаратын жобалар үшін шикізат тасымалы шығындарының бір бөлігін өтеу мүмкіндіктері қарастырылуда.

Елімізде баламасы жоқ жобаның біздің облыста жүзеге асқанына қуаныштымыз!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Облыс әкімінің бас директормен кездесуінен соң іле-шала Қызылордада әлемге әйгілі испандық «Rosa Group» компаниясының санитарлық-техникалық жабдықтар зауытының іргетасы қаланды.

Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Rosa Group» компаниясының бас директоры Даниэль Хурадо

«ROSA GROUP» ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Эрнандес, Испания елшілігінің сауда-экономикалық кеңесшісі Хесус Видаль Боррелья, құрғақ қорғау органдарының бірінші басшылары, құрылыс компанияларының директорлары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

«Rosa Group» – жүз жылдан астам тарихы бар, сантехникалық жабдықтар өндіру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Компания әлем бойынша 78 өндірістік алаңды басқарады. Онда 20 мыңнан астам адам еңбек етеді. Өнімдері 170-тен астам елге экспортталады.

Рәсімде облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инвестиция тарту және заманауи өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмасына тоқталып, өңірде қолдайтын инвестициялық ахуал қалыптасқанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы «Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген болатын. Кейінгі жылдары өңіріміздің инвестициялық әлеуеті артып, ірі жобалар табысты жүзеге асуда. Аймақ экономикасына 2,3 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Алдағы үш жылда 1,9 трлн теңгеге 48 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Бүгін біз еліміз үшін маңызды, жоғары технологиялық өндіріс орнының қапсуласын салу рәсімінің күесі болып отырмыз. Осындай ауқымды жобаны Сыр өңірінде жүзеге асырғаны үшін испандық «Rosa Group» компаниясына ризашылығымызды білдіремін. Бұл бастама өңір экономикасына жаңа серпін беріп, экспорттық әлеуетті арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Біз отандық және шетелдік инвесторлармен әрдайым ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатып, нәтижелі жұмыс істеуге дайынбыз», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында облыс прокуроры Ризабек Ожаров пен «Rosa Group» серіктестігінің бас директоры Даниэль Хурадо Эрнандес сөз сөйлеп, ел ағасы Ибрагим Әбибуллаев ақ батасын берді.

Айта кету керек, жоба «KAZAKH INVEST» ҰК АҚ қолдауымен жүзеге асырылуда.

Rosa Group компаниясымен ынтымақтастық 2024 жылдың желтоқсан айында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың Испанияға жұмыс сапары барысында басталды. Былтыр маусым айында Премьер-министр Олжас Бектенов Rosa Group директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рокамен кездесіп, Қызылорда облысында сантехникалық зауыт салу жобасын жүзеге асыру, инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылаған болатын.

Оған «Rosa Group» компаниясының бас директоры Даниэль Хурадо Эрнандес, облыстық құрылысшылар қауымдастығының төрағасы Манарбек Еспенбетов пен құрылыс компанияларының басшылары қатысты.

Жиында Мұрат Нәлқожаұлы инвестициялық әлеуетті арттыру және шикізат өндірісін дамытуда алдағы міндеттерді атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы елімізде жаңа инвестициялық кезеңді бастауды, әсіресе заманауи өндірістер ашуды тапсырғаны белгілі. Осының айқын көрінісі ретінде бүгін аймағымыз

Зауытқа 24 гектар жер телімі бөлінді, 44,1 млрд. теңге инвестиция салынады. Жылдық өндірістік қуаты 500 мың бұйымға дейін жетеді. Өндірілген өнім Қазақстанның ішкі нарығына жеткізіліп, Орталық Азия елдеріне экспортталады.

Сонымен қатар 300-ге жуық тұрақты жұмыс орны ашылады, жергілікті мамандарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру көзделген. Компания жыл соңына дейін смесительдер мен инсталляциялық жүйелерді құрастыратын өндіріс орнын іске қосуды жоспарлап отыр. Ал компания өнімдері ұсынылатын шоурумдар Астана және Алматы қалаларында маусым айында ашылады.

Кездесуде Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі және Rosa Group инвестициялық жобаны жүзеге асыру қағидаттары туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Бұл құжат арқылы тараптар санитарлық-техникалық бұйымдар шығаратын зауыт жобасын бірлесіп жүзеге асыруға ниетті екенін ресми дәлелдеді.

Қазан айындағы Сыр өңіріне жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына таныстырылған инвестициялық жобалар қатарында Rosa Group компаниясының сантехникалық бұйымдар өндірісі де бар.

Бұл – Қазақстандағы экологиялық қауіпсіздіктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын алғашқы өндіріс орны.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Rosa Group» компаниясымен серіктестік орнату мәселелері талқыланды.

үшін маңызды жоба – «Rosa Group» компаниясының заманауи санитарлық-техникалық бұйымдар шығару зауытының іргетасын қаладық.

Компания 170 елде орналасқан 78 өндірістік алаңды басқарады, өнімдерінің жоғары сапасымен, инновацияларымен және еуропалық стандарттарға сәйкестігімен танымал.

Зауыт құрылысының басталуы – Қызылорда облысының өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, аймаққа жаңа технологиялар мен халықаралық тәжірибені алып келетін маңызды қадам. Қазіргі уақытта мемлекеттік қолдау ретінде 24 гектар жер телімі бөлінді. Компания жыл соңына дейін смесительдер мен инсталляциялық жүйелерді құрастыратын өндірісті іске қосады», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжілісте «Rosa Group» компаниясының өкілдері жұмыстарын таныстырып, Қызылорда облысының құрылысшылар қауымдастығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ҚОРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖАЛҒАСАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Өнеркәсіпті дамыту қоры» Басқарма төрағасының орынбасары Жанар Ибрашевпен кездесті.

Кездесуде тараптар өңірдің өнеркәсіп саласын дамыту, инвестициялық жобаларды қаржыландыру және өндірістік кәсіпорындарды қолдау мәселелерін талқылады.

Аймақ басшысы қормен бірлескен жобаларды жалғастырудың маңызын атап өтті.

Өз кезегінде Жанар Шатырханқызы қор алдағы уақытта да кәсіпорындарды жеңілдетілген қаржыландыру тетіктері арқылы қолдай беретінін жеткізді. Сонымен қатар жаңа өндіріс орындарын іске қосу және қосымша жұмыс

орындарын ашуға бағытталған жобаларды жандандыру жайы да қарастырылды. Өріптестік байланысты одан әрі нығайтуды, бірлескен жұмыстардың негізгі бағыттары айқындалды.

Айта кетейік, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қолдауымен және қаржыландыруымен өңірде бірқатар ауқымды инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Ауна Glass» ЖШС айна шығару зауыты, «Qazaq Camel» ЖШС түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру зауыты, сол жағалаудағы «Тұмар» және «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС екі шағын өнеркәсіптік аймағы, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау бағытындағы инвестициялық жобалар.

ШЫНЫ ҮДЫС ШЫҒАРАМЫЗ

Алдымен Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Seven Rivers Technologies» ЖШС директоры Ануар Үмбетәевпен кездесті. Онда аймақта шыны ыдыстар шығаратын зауыт салу мәселесі талқыланды.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірде инвестициялық бастамаларды жүзеге асыруда жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

– Кейінгі төрт жылда аймаққа 2,3 трлн. теңгеден астам инвестиция тартылған. Оның басым бөлігі жеке инвестициялар. Алдағы уақытта құны 1 трлн. теңге болатын 14 ірі инвестициялық бастама қолға алынады.

«Жаңа өндіріс орындарын ашу – өңір экономикасын дамытудың негізгі бағыттарының бірі. Солардың қатарында шыны ыдыстар шығаратын зауыт құрылысы бар. Бұл өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырып қана қоймай, импортты алмастыруға және қайта өңдеу саласын дамытуға серпін береді. Әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіледі», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Аталған зауыт құрылысына қатысты келіссөздер 2023 жылдан бері жүргізіліп келеді. Астана қаласында мемлекет басшыларының қатысуымен өткен «Қазақ-Герман» бизнес-форумы аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған.

«Seven Rivers Technologies» серіктестігінің шыны ыдыстар шығаратын зауытының жалпы құны 60 млрд. теңге, инвесторы Германияның «Medal holding» компаниясы, бас мердігері «Норт» компаниясы. Кәсіпорында жылына 240 млн. шыны ыдыс өндіру жоспарлануда. Нысанды 2027 жылдың желтоқсан айында пайдалануға беру көзделген.

Өндіріске мемлекеттік қолдау көрсетіліп, Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағынан 38 гектар жер телімі берілген. Сонымен қатар «Жанплес-3» кен орнынан кварц

құмын өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығы ұсынылған.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қаржыландыру мақсатында екінші кезеңге қажетті құжаттар топтамасы тапсырылған.

Зауыт іске қосылғаннан кейін республика көлемінде жиналатын шыны қалдықтарын қайта өңдеу арқылы жоғары сапалы өнім өндіру және импортты алмастыру мүмкіндігі артады. Сонымен қатар өңірдің өнеркәсіптік әлеуеті күшейіп, жаңа жұмыс орындары ашылады.

Қызылордада облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Seven Rivers» серіктестігінің құрылтайшысы Ануар Үмбетәев, құрғақ қорғау органдарының бірінші басшылары, құрылыс компанияларының директорлары, зиялы қауым өкілдері және ел ағаларының қатысуымен «Seven Rivers» компаниясы шыны ыдыстар зауытының қапсуласын салу рәсімі өтті.

Бұл – өңірдегі шыны кластерін дамытуға бағытталған маңызды өндірістік бастамалардың бірі. Зауыт әлемдік деңгейдегі «Норт» неміс технологиясымен жабдықталып, заманауи әрі экологиялық талаптарға сай өнім өндіреді.

Рәсімде облыс әкімі аймақта инвестициялық жобалардың қарқынды жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– «Өткен аптада Мемлекет басшысының қабылдауында болып, инвестициялық жобаларды таныстырдым. Президентіміз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыруға қатысты нақты тапсырмалар жүктеді.

Жақында Премьер-министрдің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбеқұлы облысты басқарған тұста өңір экономикасына 2,3 трлн. теңгеден астам инвестиция тартылды. Алдағы үш жылда 1,9 трлн. теңгеге 48 инвестициялық жобаны

жүзеге асыру, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Өткен аптада ғана «Марал Нұр» серіктестігінің вагон жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешенін аштық. Бүгін испандық «Рока групп» компаниясының жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнім шығаратын жоғары технологиялық зауытының қапсуласын салдық.

Еліміз, өңіріміз үшін маңызды жаңа өндіріс орындары экономиканы әртараптандыруға, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға жаңа серпін береді деп сенемін», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада облыс прокуроры Ризабек Ожаров, «Seven Rivers» серіктестігінің құрылтайшысы Ануар Үмбетәев сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Биғали Қаюпов бата берді.

«Қазақ-Герман» бизнес-форумы аясында ынтымақтастықты дамыту туралы меморандумға қол қойылып, 60 млрд. теңгеге жылына 240 миллион шыны ыдыс өндіретін зауыт салу келісілген болатын. Кәсіпорында 500-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Зауытқа барлық инженерлік инфрақұрылымы жүргізілген «Өндіріс» индустриялық аймағынан 38 гектар жер телімі бөлінді. Қаржыландыру мәселесі «Өнеркәсіпті дамыту қорының» «Жасыл даму» бағдарламасы аясында қарастырылуда. Ел аумағынан жиналған шыны қалдықтарын қайта өңдеу арқылы бәсекеге қабілетті өнім шығару және импортты алмастыру көзделген.

Бұдан бөлек өңірдегі жоғары сапалы кварц құмы, әк және доломит қорларын тиімді пайдалану арқылы шыны өндірісі тәрізінде жаңа ілеспе кәсіпорындарды дамытуға мүмкіндік туады.

Жаңа өндіріс орны өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға, экспорт көлемін ұлғайтуға және тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға үлесін қосады деп күтілуде.

Қызылордалықтардың өз поездары, деполары бар, өздері вагон жөндейді. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен «Марал Нұр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге арналған жаңа өндірістік кешені іске қосылды.



Салтанатты шарада аймақ басшысы елімізде машина жасау саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған міндеттерге сәйкес, тұрақты әрі болжамды инвестициялық орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр.

Статистикалық деректер бойынша кейінгі жылдары өңірде машина жасау саласы қарқынды дамып келеді. Жыл басынан бері 7,9 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 4,7 пайыз болған.

Өңір экономикасын әртарап-тандыру және жаңа өндіріс орындарын ашу мақсатында алдағы үш жылға 1,9 трлн. теңгенің 48 инвестициялық жобасы жоспарланып отыр. Бұл жобалар аясында 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 100 млрд. теңгеге 21 инвестициялық жобаны іске қосу көзделсе, алдағы уақытта құны 1 трлн. теңгеден асатын 14 ірі жобаның құрылысы қолға алынады. Жақын күндері испандық «Rosa Group» компаниясының санитарлық-техникалық бұйымдар зауыты мен «Seven Rivers» компаниясының неміс технологиясы негізінде шыны ыдыстар шығаратын зауытының құрылысы басталады.

Өріне, өңірдің географиялық жағынан тиімді орналасуы да көлік-логистикалық әлеуетті арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Атап айтқанда Қызылорда облысы халықаралық маңызы бар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің бойында орналасқан. Облыс аумағынан 1 мың шақырымнан асатын магистральдық теміржол желісі өтеді. Жыл басынан бері 400 мыңнан астам жолаушы және 6 млн. тоннадан астам жүк тасымалданған.

Енді ашылған «Марал Нұрдың» жаңа кешені жылына 600-ден астам вагонға техникалық қызмет көрсетеді, сондай-ақ 100 жаңа жұмыс орны ашылады.

Облыс әкімі өз сөзінде Қызылордаға қаржы салып отырған шетелдік серіктестерге, соның ішінде Қытай Халық Республикасынан келген инвесторларға сенім мен ынтымақтастық үшін алғыс білдірді. Қызылордалықтардың отандық және шетелдік инвесторлармен ашық әрі тиімді ырыптестікті одан әрі дамытуға дайын екенін атап өтті. Жиында жобаны жүзеге асыруға үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Облыс прокуроры Ризабек Ожаров, «Марал Нұр» ЖШС құрылтайшысы Мұрат Нұрсайытов сөз сөйлеп, ел ағасы Айтбай Көшербаев ақ батасын берді.

Бетті дайындаған Берікұлы Нұрдуәлет



Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Бөкенбайұлы ҚАЙРУЛЛАЕВ:

ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕГЕ СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ

– Айдын Бөкенбайұлы, соңғы жылдары Қызылорда қаласының мәдени өмірінде айтарлықтай өзгеріс байқалады. Жалпы бүгінгі мәдени саланың даму қарқынын қалай бағалайсыз?

– Қай кезде де мәдениет саласы қаламыздың рухани тірегі саналады. Соңғы жылдары Қызылорда қаласында да мәдениет саласына ерекше көңіл бөлінді келеді. Бұл бірінші кезекте мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың, жергілікті атқарушы биліктің жүйелі жұмысының және мәдениет қызметкерлерінің кәсіби ізденісінің айқын нәтижесі десем қателеспеймін.

Өздеріңізге белгілі, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қалалық деңгейде мәдениет, театр, өнер, кітапхана, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған іс-шараларды жүргізеді. Бұл ретте бөлімге қарасты «Қалалық мәдениет үйі, клубтары және халықтық ұжымдар» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мәдени-демалыс паркі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, сол жағалауда орналасқан «Қызылорда қаласының тарихи музейі» коммуналдық қазыналық мемлекеттік кәсіпорны, «Қызылорда қаласының Жастар театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жұмыс жасап, халыққа қызмет көрсетеді.

Бір қуантарлығы кейінгі жылдары қала тұрғындарының түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысу белсенділігі жоғары. Яғни, бұған дейін мәдени шаралар негізінен мерекелік концерттермен шектелсе, қазір оның кеңістігі әлдеқайда кеңейгенін байқауға болады. Бұл тұрғыда театр қойылымдары, әдеби кештер, тарихи-танымдық жобалар, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін басқосулар мен жастарға арналған мәдени бастамалардың тұрақты өткізілуі осы сөзімізге айқын дәлел.

Нақты дерекке сүйенер болсам, 2026 жылдың бірінші тоқсанының өзінде қала аумағында 261 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, оған 92 мыңнан астам көрермен қамтылды. Бұл халықтың рухани дүниеге деген сұранысының жоғары екенін көрсетеді.

Сонымен қатар театр сахнасы мен кітапханаларда жаңа форматтағы қойылымдар мен кездесулер өткізіліп, мәдениет үйлерінде жастардың сұранысына сай жобалар жүзеге асырылып келеді.

– Келесі кезекте мемлекеттік тіл саясатына тоқталсақ. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесін баяндасаңыз.

– Мемлекеттік тіл саясаты өз маңызын ешқашан жоймақ емес. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар әрдайым назарымыздан тыс қалмайды.

Негізінен бөлімге жүктелген басым міндеттің бірі – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, насихаттау және дамыту бағытында жұмыстар атқару болып табылады. Соның аясында қазіргі таңда Қызылорда қаласы әкімдігіне қарасты барлық мемлекеттік мекемелердің құжат айналымына ай сайын тұрақты мониторинг жүргізіледі. Осы орайда биылғы бірінші тоқсан қорытындысы бойынша құжат айналымы 100 пайыз мемлекеттік тілде жүргізілгенін айта кеткім келеді.

Алайда біз ресми көрсеткіштермен шектелмей, тілдің күнделікті қолданыста көрініс табуына да мән беріп отырамыз. Бұл бағытта қоғамдық орындардағы көрнекі ақпараттардың сауатты жазылуы да жоғары маңызға ие.

Бұл ретте 2026 жылдың 1 тоқсанында Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының 21-тармағының талаптарына сәйкестігін зерделеу

Сыр өңірінің мәдениет саласында тың серпін бар. Оның ішінде қала мәдениетін қалыптастыруда атқарылған шаруа қыруар. Атап айтқанда, елдің рухани деңгейін көтеру, мәдени орта қалыптастыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мен ұлттық құндылығымызды дәріптеу бағытында ілкімді істер көп. Бұл жөнінде Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаевпен сұхбаттасу барысында байқадық.

мақсатында қала орталығындағы жарнамаларды аралап, 59 нысанға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 37 кәсіпкерлік нысанға ескертпе буклеттер таратылды.

Сонымен қатар тіл мәртебесіне қатысты кәсіпкерлермен тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады. Нәтижесінде қала аумағында орналасқан мейрамханалар мен тамақтану орындарында ас мәзірлерін қазақ тілінде жазу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бүгінде 91 пайызға жуық ас мәзірлері қазақ тіліне көшірілді.

– Қаладағы ономастикалық жұмыстар туралы не айтасыз?

– Жалпы біздің бөлім Қызылорда қаласы әкімдігінің жанынан құрылған қалалық ономастика жұмысшы тобының қызметін үйлестіреді. Негізінен қалада ономастика, яғни, көше атауларын беру бағытында баянды бастама көп. Осы арқылы тарихи жадымызды жаңғыртуға бетбұрыс басым.

Нақты дерекке сүйенсем, Қызылорда қаласы мен ауылдық округтерде 1279 көше бар. Оның ішінде қалада 830 көше және қалаға қарасты ауылдық округтерде 449 көше тіркелген.

Соңғы жылдары кейбір көшелерде ескірген атауларды тарихи тұлғалардың, жер-су атауларының есімдерімен алмастыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы арқылы ұрпақтар сабақтастығын сақтап, ескелен ұрпақтың өскен ортасына сый-құрметін арттыруды басты мақсат тұтамыз. Әсіресе, көшелерге елге еңбек сіңірген тұлғалардың есімін беру арқылы олардың өнегелі өмірін кейінгі буынға танытуға жол ашылып отыр.

Осы орайда жуырда республикалық ономастика комиссиясы 48 ардагердің есімін қолдап, бекіту туралы оң қорытынды бергенін ерекше атап өткім келеді. Оның ішінде 17 ардагердің есімі ауылдық округтерден бекітілді. Сонымен қатар республикалық ономастикалық комиссиясымен бекітілген көше анықтарын жазу және орналастыру жөніндегі ұсынымға сәйкес қала аумағындағы көшелерге жаңадан көше тақтайшаларын ауыстырып, жаңалау мақсатында қалалық коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне ұсыныс жолданып, бірлесіп жұмыстар атқарылуда. Бұл республикалық ономастика тарапынан Сыр еліне еңбегі ерен тұлғаларды дәріптеуге жол ашып, тарихи әділеттіліктің айқын көрінісін көрсетіп отыр деп есептеймін.

– Қала аумағында тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселесі қаншалықты маңызды?

– Қоғамда тарихи құндылықтарымызды кеңінен дәріптеу, мәдени мұрамызды насихаттау біздің стратегиялық маңызы бар басым бағыттарымыздың бірі. Өйткені тарихын құрметтеген халықтың болашағы да баянды болмайды деген тәмсіл бар.

Атап айтсам, бүгінде Қызылорда қаласы аумағында мемлекет қорғауына алынған 85 тарихи-мәдени мұра нысаны бар. Оның ішінде 4-і республикалық, 34-і жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері болса, 47 нысан тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын-ала тізіміне енгізілген.

Сондықтан соңғы жылдары ескерткіштердің құқықтық мәртебесін нақтылау, қорғау аймақтарын белгілеу, күтіл-ұстау жұмыстарын жүйелеу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы арқылы тарихи мұраны сақтап, оны қоғам өміріне тиімді енгізуді мақсат тұтамыз. Ең бастысы, тарихи ескерткіштерді жастардың патриоттық тәрбиесінің маңызды құралына айналдыруды көздейміз.

Ал музей тек экспонаттарды сақтайтын орын емес, ғылыми-ағартушылық орталыққа айналуы тиіс. Осы бағытта көптеген жұмыстар

атқарылуда. Соның негізінде жастардың музейге келу көрсеткіші артып келеді. Бұл бізді қуантады. Өйткені туған өлкенің тарихын білу – патриотизмнің негізгі бастауы леп түсінеміз.

– Кітапхана саласының бүгінгі жағдайы қандай?

– Қазіргі қоғамда көпшілік арасында «кітапханаға баратын адам азайды» деген пікір бар. Бірақ бұл пікірмен мүлде келіспеймін. Оған қалада атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың нәтижесі толық дәлел.

Нақты уақытта Қызылордада қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 21 кітапхана жұмыс істейді. Оның ішінде 9-қалалық, 8-ауылдық, 2-кенттік және 2 балалар кітапханасы қала тұрғындарына кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуде. Қала кітапханаларының жалпы кітап қоры 648257 болса, оның ішінде қазақ тіліндегі 265544 кітап сақтаулы.

Қалаға қарасты кітапханаларда атқарылған ауқымды жұмыстар нәтижесінде жылдың алғашқы тоқсанында ғана 79 мыңнан астам келуші тіркеліп отыр. Осы ретте кітапханаларда 167 мыңнан астам кітап оқырманға берілген. Бұл жоғары көрсеткіш деп есептеймін.

Қазіргі уақытта қаламызда кітапхананы мәдени, білім беру және қоғамдық диалог алаңы ретінде қалыптастыру бағытында да атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы кең. Осы мақсатта әдеби кештер, ақын-жазушылармен кездесулер, кітап көрмелері, жастар форумдары тұрақты өткізіледі.

Ең бастысы, бүгінгі кітапханалар цифрлық технологияларды да белсенді пайдаланып отыр. Бұл бірінші кезекте жас оқырмандарды кітапханаға тартып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға үлкен сеп болып тұр.

– Сыр шаһарында үш жыл шеңберінде Жастар театры құрылып, құнды қойылымдарымен көрермен көзайымына айналып жүр. Жалпы бұл театр мәдени ортаға қандай өзгеріс әкелді?



– Жастар театрының ашылуы қала мәдениетіндегі маңызды оқиғалардың бірі ретінде қабылданды. Әлі күнге дейін талантты жастардан құрылған театр тың қойылымдарымен көрермендерін қуантып келеді. Халық тарапынан театрға деген қолдау да ерекше. Оны әрбір қойылым сәтінде залда ине шаншар орын болмай, көрермендердің ыстық ықыластарымен риясыз қолдау білдіріп жатқанынан аңғаруға болады. Әсіресе театр ұжымы тарапынан әрдайым жас көрерменге жақын тақырыптарды көтеруге, заманауи драматургияны дамытуға басымдық беріліп келеді.

Жалпы театр құрылған аз уақыт ішінде өзінің тұрақты көрерменін қалыптастыра алды. Сөйтіп бізге дәлел ретінде айтар болсам, бірінші тоқсанның өзінде 16 қойылым сахналанып, екі мыңнан астам көрермен қамтылды. Соның ішінде әсіресе, Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», «Еңлік-Кебек» трагедиясы және өзге де

жаңа қойылымдар көрермен тарапынан жоғары бағаланды.

Негізінен театрдың басты жетістігі – жастарды өнерге жақындатуға ықпал жасау деген түсінік бар. Өз кезегінде Жастар театры бұл миссияны мүлтіксіз орындап келеді.

– Қазіргі жастардың мәдени талғамына қандай баға бересіз?

– Әрине, уақыт көшіне ілесіп, жастардың қызығушылығы да өзгеріп келеді. Қазіргі жас буын өкілдерінің талғамы да, табиғаты да көш ілгері.

Бөрімізге белгілі, бүгінгі жастар әлеуметтік желілермен, цифрлық платформалармен тығыз байланыста өмір сүреді. Сондықтан мәдени мекемелер де заман талабына бейімделуге бетбұрыс жасап келеді. Оның ішінде жаңа форматтарды пайдалана отырып, дәстүрлі рухани құндылықтарды насихаттауды назарға аламыз. Осы мақсатта көптеген жобалар қолға алынууда.

Жалпы Қызылорда – тарихи тағылымы терең өңір. Алаштың ізі қалған, қазақ елінің алғашқы астанасы, жыраулар мен шайырлардың, өнер мен руханияттың ордасына айналған қасиетті мекен. Сондықтан ұлттық өнерді, тарихи тұлғаларды, Сыр мәдениетін кеңінен насихаттау арқылы өңірдің мәдени келбетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жалғаса беретін болады.

– Алдағы жылдардағы басты мақсаттарыңыз қандай?

– Алдағы кезекте атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы кең. Соның ішінде бірнеше басым бағытқа назар аударуды жоспарлап отырмыз.

Атап айтсам, алдымен мәдени инфрақұрылымды дамыту назарда тұр. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мен тарихи-мәдени мұраларды сақтау және насихаттау жұмысын жетілдіру де жоспарда бар. Бұған қоса жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау, мәдениет саласын цифрландыру және заманауи технологияларды енгізуге де басымдық берілетін болады.

Осы арқылы Қызылорданың мәдени кеңістігін одан әрі дамыту және тұрғындардың рухани сұранысын толыққанды қамтамасыз етуді көздеп отырмыз.

– Сұхбат соңында қала тұрғындарына қандай тілек айтар едіңіз?

– Мәдени орта қалыптастыру – баршамызға ортақ құндылық деп айтамын. Сондықтан әрбір тұрғынды мәдени өмірге белсенді қатысуға, сонымен қатар театрға баруға, кітап оқуға, музейлерді аралап, ұлттық өнерді қолдауға шақырамын. Әсіресе, балаларымызды ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге бейімдеп, мәдени-көпшілік шараларға жиі тартуымыз керек. Сонда ғана рухани бай қоғам қалыптастыруға өз ықпалымызды тигізетін боламыз.

- Сұхбатыңызға рахмет! Қызылорданың мәдениеті өркендеп, руханиятымыз бақи түссін!

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ

Біздің жетістік

ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Түркістан қаласында өткен халықаралық байқауда Қызылорда қаласындағы Асқар Тоқмағамбетов атындағы Мәдениет үйі жанынан құрылған «Aqtagal» би студиясының бүлдіршіндері жоғары нәтижеге қол жеткізіп, өнер додасында өзінің биік деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Байқаудан дарынды бишілер 3 Гран-при, 3 VIP Гран-при иеленді. Сонымен қатар «Арайлы» би тобы да үздіктер қатарынан көрініп, 1 VIP Гран-при жүлдесіне лайық деп танылды.

Бұл – тынымсыз еңбекпен шығармашылық ізденістің, белгілі хореограф, Мәдениет саласының үздігі Ақмарал Мұсағалиқызы мен жас хореограф Дастан Аманжолдың кәсіби шеберлігі мен жас өнерпаздардың талантының жемісі.

Өнер көгінде қанат қаққан бүлдіршіндерімізге толағай табыс, жаңа белестер мен шабыт тілейміз! Асқар Тоқмағамбетов мәдениет үйінің өнер ұжымдары алдағы уақытта да ел мерейін асқақтата беретініне сенім мол.



Үйінің «Балбұлақ» домбыра үйірмесінің өнерпазы Махамбетжан Асылжан 3-ші орынды олжалады.

Талантты жастарымызды және жетекшілерін жарқын жетістігімен құттықтаймыз!

Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округінде Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппараты мен Т. Жүргенов ауылдық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Т. Жүргенов ауылының тумасы, күйші Қали Ибраевтың 90 жылдығына арналған «Күй күмбірі» облыстық күйшілер байқауында Қызылорда қаласына қарасты Қараөзек ауылдық клубы жанынан құрылған «Шертпе» домбыра үйірмесінің мүшесі Аймағанбет Досымжан 1-ші орынды жеңіп алса, М. Ералиева атындағы мәдениет

Қызылорда қалалық М. Ералиева атындағы мәдениет Үйінің «Тәлім» жыр - терме үйірмесінің жетекшісі Қуаныш Алғазиев Түркістан қаласында өткен «Түркістан мақамдары» атты республикалық термешілер байқауына қатысып, жүлделі 1-ші орынды жеңіп алды.

Жүлдегерді шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз!

ӘКК ҚЫЗМЕТІНДЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУ БЕЛГІЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның қызметіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жеткізу шарттарында жекелеген нарық субъектілеріне артықшылықтар беру және бәсекелестер үшін кемсітушілік жағдайлар жасау фактілері анықталды.

Аталған әрекеттерде ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген бәсекелестікке қарсы әрекеттер белгілері байқалды.

Осыған байланысты Департамент тарапынан Акционерлік қоғамға қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілері бойынша хабарлама шығарылды. Қазіргі таңда хабарлама толық көлемде орындалды. Нәтижесінде барлық жеткізушілер үшін бірыңғай талаптар белгіленді.

Қызылорда – ортақ үйіміз

ҚАЛАДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТЫ БАҚЫЛАП ЖҮР

Қызылорда қаласындағы Президент саябағындағы Ботаникалық білім беру орталығының құрылысына 4 млрд. 948 млн. теңге бөлінген, 2,41 гектар аумақта орналасқан. Орталық табиғат пен ғылымды ұштастыратын, білім беру, ғылыми-зерттеу және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған

945 пәтер пайдалануға беріледі. Құрылысты тамыз айында аяқтау жоспарланған. «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешені халықаралық талаптарға сәйкес салынууда. Бас мердігер «ASPAN HOLDING» серіктестігі құрылысына 20 млрд. 61 млн. теңге қарастырылған

басталды, алдағы тамыз айында пайдалануға беру жоспарланған. Мұнда халықаралық және республикалық жарыстар өткізуге, бұқаралық спортты дамытуға барлық жағдай жасалады.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатовпен бірге құрылыс нысандарындағы жұмыс барысымен танысты.

Сол жағалауда салынып жатқан, құрылысына 14 млрд. 780 млн. теңге бөлінген, тәулігіне 500 келушіні қабылдауға арналған емханаға да барды. Көпсалалы медициналық мекеме 50 төсектік күндізгі стационар, амбулаториялық және диагностикалық бөлімшелер, сондай-ақ тұрғындарға кешенді медициналық қызмет көрсетуге арналған орындардан тұрады. Одан бөлек, нысанда 50 орындық аудитория мен 200 орындық конференция залы қарастырылған.

Бұдан кейін облыс әкімі бастаған топ Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылыс алаңында болды. 4,6 млрд. теңгенің жобасы жүзеге асқанда көлік пен жаяу жүргінші қозғалысының тиімділігі артады.

Қазір мұнда айналма теміржол салынып, инженерлік желілерді кешіру, бетондау, свай және тіреу қабырғаларын орнату жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Аймақ басшысы қала құрылысына жауапты сала өкілдеріне құрылыс сапасы мен мерзімін тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.



көпфункционалды кешен болады. Мұнда әлемнің әртүрлі өңірлерінің флорасына арналған тақырыптық бақтар, дәріс залдары, демалыс және әкімшілік аймақтар қарастырылған. Нысан ағымдағы жылдың маусым айында пайдалануға беріледі.

Көпқабатты тұрғын үй кешені - 22 млрд. теңгенің жобасы, яғни 8,2 гектар аумақта 15 тұрғын үй салынып,

нысанды 2,1 гектар аумақта, 25 540 шаршы метр етіп, 3 және 4 қабатты блоктардан тұрғызууда.

Кешенде бір мезетте 2 552 келушіні қабылдауға болады. Олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін бассейні, 2500 орындық өмбебап спорт залы және спортшыларға арналған жаттығу алаңдары қарастырылған.

Құрылыс былтыр шілде айында

АЙТЫЛҒАННЫҢ БӘРІ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, биылғы оқу жылының аяқталуы, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, суға шомылу мезгіліндегі сақтық шаралары талқыланған мәжіліс өткеннен соң осы міндеттер бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов та жиын өткізіп, тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

- Биыл қала бойынша 4 436 оқушы 11 сыныпты аяқтауда. Осыған орай орта білімі туралы аттестаттарды салтанатты табыстау рәсімін жоғары деңгейде ұйымдастыру, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мәселесі қатаң бақылауда болады. Ал, шомылуға тым салынған су айдындарында күнделікті рейдтік шараларды жүргізу, қала тұрғындары мен ата-аналарға профилактикалық түсіндірме жасау - басты талап.

Сондай-ақ аумақтардың стихиялық қоқысқа айналуды болдырмау, шаруашылықтар мен ауылдарды аяқ сумен қамтамасыз ету кезек күттірмейтін мәселе.

Республика бойынша Қызылорда қаласы ең таза қала атағына ие болғанын жақсы білесіздер. Сол үшін санитарлық тазалық күн тәртібінен түспейді. Әсіресе, еңбек адамдарының жасаған жұмыстарына құрметпен қарап, тазалық сақтауға барлық тұрғындарды шақыру қажет. Сондай-ақ, айтылған барлық мәселе сапалы әрі уақтылы орындалуы тиіс, - деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

БАЛАЛАР БАҚЫТТЫ БОЛҒАН КҮН...

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай қалалық мәдени және демалыс паркінде ғажайыпқа толы мерекелік шара өтті.

Тақырыпқа сәйкес безендірілген парк аумағы тұтастай мерекелік көңіл-күйді айшықтап тұрды. Шараға қатысқан қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев және қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шәменов, қалалық

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Баланың күлкісі мен бақытынан артық ештеңе жоқ екенін осы мерекеде бәріміз айқын сезінеміз. Өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау - мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Өйткені жас ұрпақтың мықты азамат болып өсуі еліміздің тұрақты дамуына және баянды болашағына жол ашады» деген болатын. Бұл тұрғыда шаһарымызда балалар игілігі үшін

Жалпы, жазғы демалысты тиімді өткізуге, балалық шақтың көңілді, бақытты сәттерге толы болуы үшін қосымша қала мектептері жанынан жазғы тынығу лагерлері ашылып, жұмыс жасауда.

Оқуда озат болуға, жарқын болашаққа нық қадам басып, парасатты ел азаматтары атануға тілектеспін. Аспан ашық болсын. Әрқашан жүректерден мейірім кетпесін!» - деді Ибадулла Дүйсенбайұлы.



қоғамдық кеңес төрағасы Мұхиджан Кәрімбаев кіреберіс қақпадан бастап жағалай орналасқан жас суретшілер мен қолөнер бұйымдары көрмесін, түрлі спорт түрлерінен өтіп жатқан сайыстарды тамашалады.

Негізгі шара «Сыр сандуғаштары» вокалды тобының мерекелік өнімен басталып, көңілді әнді бимен көркемделді.

Сөз алған қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Дүйсенбайұлы балаларды жаздың алғашқы күнімен тұспа-тұс келген шуақты мерекесімен құттықтады.

көптеген ілкімді істер атқарылууда.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен пайдалануға беріліп, жаңадан салынып жатқан түрлі спорттық кешендер, ойын алаңдары, шығармашылық және инновациялық орталықтар, заманауи мектептер соның дәлелі.

Жақында ғана Президент саябағы аумағынан жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтін «Аi-Kerim» балалар лагері Сендердің игіліктерің үшін табысталды. Бүгінгі мерекеде осы лагердің жанынан заманауи Ботаникалық бақ есігін айқара ашты.

Мерекелік шара ары қарай жыл көлемінде түрлі бағыт бойынша үздік атанып жүрген өнерлі, спортшы, білімді оқушыларды марапаттау рәсіміне жалғасты.

Тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан балаларға Ақмола облысындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына жолдама берілсе, жарыстарда жобаларды қорғап жеңімпаз болған дарынды оқушыларға қала әкімінің арнайы тартуы - планшет сыйға берілді. Ал, балалардың ұстаздары қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Дерек пен дәйек

100 ПАЙЫЗДАН АСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың шикізаттық тәуелділігін азайту және өңдеуші өнеркәсіпті жедел дамытуды стратегиялық міндет етіп қойғаны белгілі. Осы мақсатты жүзеге асырып, тиісті жемені бағындыру – басты талап.



Қазір Қызылорда қаласындағы өңдеуші өнеркәсіп саласында 33 млрд. 021 млн. теңгеге өнім өндіріліп, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 133,2%-ға артты. Негізгі өсім құрылыс материалдарын өндіру 97,6 пайызға, машина және жабдықтарды орнату, жөндеу саласында 12,2%-ға, жеңіл өнеркәсіп 16,4%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру 69,7% пайызға артуы есебінен қамтамасыз етілді.

Өндіріс өнеркәсіп саласы өркендеп келеді. Бұған қаланың қарышты қадамы барометр бола алады. Айталық, өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 179 млрд. 762 млн. теңгеге жетті.



Бұл көрсеткіш өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 98,3%-ды құраса, облыстағы үлесі 49,5% пайыз болып отыр.

Аграрлы аймақта ауыл шаруашылығы саласы ең ірі құрылым. Ал, оның өнімі жыл сайын артып келеді. Соңғы есеп бойынша, Қызылорда қаласында



жалпы өнімнің көлемі 1 млрд. 730 млн. теңгені құрады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,0% пайыз мөлшерінде болса, облыстағы үлесі 7,8 пайыз деңгейінде.

Өрбір салынған инвестиция игілікке бастайды. Мәселен, биыл қалада капиталға салынған инвестиция көлемі 93 млрд. 549 млн. теңге болды.



Мұнда да өсім бар. Яғни, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 103,3%-ды құраса, облыстағы үлесі 50 пайыз. Оның ішінде жеке инвестицияның үлесі басым, 59 млрд. 449 млн. теңге.

Қазір құрылыс жұмыстары 35 млрд. 362 млн. теңге көлемінде атқарылса, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 104,7% пайызға артып отыр.



Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 105 026 шаршы метрді құраса, өткен жылмен салыстырғанда 100,4%-ды құрады. Бұл нәтиже облыстағы көрсеткіштің 55,1 пайыз үлесін алады.

«ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ЕРЕКШЕ МЕЙІРІМ...»

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті мен «Qosyl» жастар орталығының ұйымдастыруымен 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ерекше балаларға арналған шығармашылық сурет салу шарасы өткізілді.

Іс-шараға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының тәрбиеленушілері қатысып, өздерінің қиялы мен шығармашылық қабілеттерін сурет арқылы көрсетті.

Шара барысында балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйланып, арнайы жұмсақ ойыншықтар, естелік сыйлықтар мен жүрекжарды тілектер жазылған парақшалар табысталды.

Мерекелік іс-шараның басты мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларға қуаныш сыйлау және қоғамның ерекше қамқорлығын сезіндіру болды.

Бет материалдарын дайындаған Арайлым Аргынбаева

Кітапхана



АЛМАТЫ НАРАЗЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫ

жедел штабы ішкі істер органдарына 9900 адамның жеткізілгенін баяндады. Кейін қамаудағылардың көптеген мәлімдемелері мен үндеулерінің негізінде күштік құрылымдардың оларды аяусыз азаптағандары, кейбір жаралыларды 8 қаңтарда ауруханалардан ұрлап әкетілгендері туралы қауесет гулей бастады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматыдағы жаппай тәртіпсіздіктерге қатысқан екі экстремистік ұяшықтың жойылғанын жария етті. Ведомствоның мәліметінше топ жетекшілерінің бірі сырт елдердегі лаңкестік топтармен байланысы бар шетелдік азамат болса керек. Онда сондай-ақ елдегі ахуалдың тұрақтанғаны, республикалық және өңірлік жедел штабтардың лаңкестік қауіп бар ошақтардың залалсыздандырылғаны хабарланғаны мағлұм болды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы қарашада Алматыда болып, қала жұртшылығымен кездесу өткізді. Жиын барысында сол жылғы қыста орын алған Қаңтар оқиғасының жайына да тоқталып өтті. «Еліміздің алтын бесігі - Алматыны қиратып жатқаны осы қаланың перзенті ретінде менің де жаным батты. Дегенмен, дәл сол сәтте абдырап уақыт ұттыруға еш қақымыз болған жоқ. Онда өбден даңдайсып кеткен қарақшылар қаламызды күл-талқан етер еді, деді ол өз

де көп зардап шекті. Оның тартқан зардабының көлемі тіпті елдің барлық өңірлерінің шығындарын түгел қосқанда да, әлденеше есе көп еді. Керек десе, сол залалдардың түгелге жуығы осы мегаполистің еншісіне тиіп қалған екен.

Бұл айтып отырғандарымызды мына цифрлар да толық ақтап бере алады: Қазақстан бойынша қақтығыс күндері кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген жалпы шығынның мөлшері 95,3 миллиард теңгеге бағаланса, одан Алматы қаласының еншісіне бұйыратыны - 93,8 миллиард. Жалпы, республиканың 9 облысында 1528 кәсіпкерлік субъект зардап шексе, бұлардың 1408-і оңтүстік мегаполиске тиесілі болып шықты. Сол сияқты 71 мемлекеттік мекеме, оның ішінде 12 әкімдік ғимараты, 27 полиция күзбесі бүліншілікке ұшыраса, бұлар да негізінен алматылық нысандардың есебінен құралады.

Қалада жаппай жүргенсіздік белең алып тұрған күндері 1,5 мыңнан аса әртүрлі ғимараттарға залал келтірілді. 240 көлік құралдары жойылып кетті. Осыған орай мемлекет зардап шеккендерге алғашқы жылдың ішінде-ақ 11 млрд. теңге өтемақы төледі, бұдан бөлек, оқиға кезінде көліктеріне зақым келген қала тұрғындарына 258 млн. теңге берілді. 2025 жылдың желтоқсан айында қала әкімі Ерболат Досаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында

2024 жылдың маусым айында Қаңтар оқиғасы кезінде Алматы қалалық әкімдігі мен Президент резиденциясын басып алуға бастап жүрген 11 адамға қатысты үкім шықты. Қаланың мамандандырылған ауданаралық соты заң жүзінде жаза алып жатқандарға адамдарды кепілге алу, ғимараттарға, үйлерге, құрылыстарға, байланыс орны мен байланыс құралдарына шабуылдау немесе оларды басып алу, жаппай тәртіпсіздіктер жасау, қорқыту немесе қуш қолдану әрекеттері бойынша айыптар тақты.

Алматыда Қаңтар оқиғасы күндерінде 1347 атыс қаруының ұрланғаны немесе тартып әкетілгені мәлім болды. «5 қаңтарда террористер бір уақытта 7 қару-жарақ дүкенін басып алды. Олар 1347 қаруды қолды етті, бұларды 501 мылтық, 807 тегіс ұңғылы, 39 газ травматикалық тапаншалар құрады. Кейін жүргізілген арнайы операция барысында 127 қару-жарақ, әртүрлі калибрдің 2800 патроны, сондай-ақ оқ-дәрі мен басқа да құралдар қайтарып алынды. Бірақ мыңнан астам қару-жарақ әлі табылмай отыр», - деген еді сол кезде полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов. Ал 2024 жылы қаңтар айында Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматыда қару арсеналы жасырылған орынның табылып, одан «Калашников» автоматын, тапанша мен мылтықты қоса алғанда, 30 бірлік қару-жарақ, сондай-ақ 5 граната, 10

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

II-тарау

ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

Осы тұста Президенттің баспасөз қызметі болса, оқиға күндері қамауға алынғандар арасында шетелдіктердің қатары айтарлықтай болғанын баян етті. Солардың бірі ретінде Алматыға осы күндері арнайы келген Қырғызстан азаматы, джаз музыканты Викрам Рузахоновтың нысыпысы аталды. Алайда Ақорда спикерлері бұдан өзге ешкімнің атын атап, түсін түстей алмады. Ал қырғыз қонақ мемлекеттік арна эфирінде сөйлеген сөзінде Алматыдағы қиратынды қозғалысына қатысқанын, сол үшін өзіне әлдекімдердің \$200 ақы төлеуге уәде бергендерін растады. Мұны ол шын ниетімен айтты ма, жоқ, бас азаттығы үшін тергеушілердің телуімен осылай деп айтуға мәжбүр болды ма, - ол жағы белгісіз. Әйткенмен бетінде соққыға жығылған адамның айқын белгілері сайрап тұрды. Бір тәуір жері, эфирге шыққан кезінде оны ата-анасы аңдаған екен, кейінірек азамат солар мен көптеген дос-жарандарының дабыл қағуларының арқасында азаттық алып, еліне қайтты.

Қалада 10 қаңтар, дүйсенбі күні қоғамдық көліктер жұмысы біртіндеп қалынып келтіріліп жатты. Осы күні сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің

сөзінде. - Ел тағдыры сынға түскен аса жауапты сәттерде халқымыз мызғымас бірлігі мен қайтпас қайсарлығын танытты. Сөйтіп, мемлекетімізді сақтап қалу үшін біз қандай тәуекелге де баратынымызды айқын көрсеттік. Сол қиын күндерде бүкіл Қазақстан халқы алматылықтардың тілеуін тіледі».

Иә, бұл шынында солай болды. Аяулы Алматының көз алдымызда қирап жатқаны жастық шағы, студенттік кезі осы ақшаңқан ару қалада өткен бізге де өте ауыр тиді. Бүкіл ел сол тұста осы алып шаһарға ерекше назар аударып, көңіл бөліп отырды. Бұлай болатын тағы бір жөні бар: оңтүстік мегаполис сол күндері Қаңтар оқиғасының шарпына түсіп қалған басқа қалалардың бәрінен

өңірлік комиссия анықтаған 1640 зардап шегушіге 16,2 млрд. теңге, мүліктері бүлінген жеке тұлғаларға 613,5 млн. теңге көлемінде өтемақы төленгенін мәлімдеді.

Қаңтардағы оқиғалар кезінде еліміздің 8 өңірінде 42 мемлекеттік орган ғимаратына залал келтірілді. Бұлардың қатарында Алматы және Шымкент қалалары, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстары бар. Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Склярдың 2022 жылы 14 наурызда өткен Парламент Мәжілісінің кезектен тыс пленарлық отырысында баяндауына, бұларда келтірілген шығынның жалпы сомасы шамамен 30 млрд. теңгені құрайды.

түтіндету құтқысы және әртүрлі калибрдегі 221 патрон алынғанын хабарлады.

Қала осылай біртіндеп қалпына түсіп, тіршіліктің бұрынғы үйреншікті арнасына қайта орала бастады. Арада екі жылға жуық уақыт өткен соң Алматы қаласы әкімдігінің ғимаратын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Оның 80 пайызы өрттен залал шеккен екен. Реконструкция кезінде зәулім үйдің тарихи келбеті сақталып, заманауи технология мен құрылыс стандарты ескеріліп жаңғыртылды. Сейсмикалық беріктілікті күшейту жөніндегі міндет толық көлемде жасалды. Өрт қауіпсіздігі алдын алу шаралары сақталды. Сол сияқты ғимараттың қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында бақылау жүйесі іске қосылды. Осының қабатында отқа төзімді мықты есіктер салынды, бірінші қабат терезелері арқылы ішке рұқсатсыз кіруді шектейтін қосымша жапқыштар орнатылды, барлық қабаттарға периметрі бойынша бейнебақылау камералары қойылды. Бір сөзбен айтқанда, ғимаратты заманауи талаптарға толық сай жабдықтап, жаратқандырудың барлық амалдары қарастырылды.

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ҚАСІРЕТ ҚАМЫТЫ

Сыр бойындағы бас қаланың жұрты Маңғыстау түбегіндегі дүрлігі әсерін 4 қаңтар, сейсенбі күні сезінді. Сол күні таң азаннан Қызылорда тұтас дүр сілкінді. Ол қаладағы такси жүргізушілер өз қызметтерін ұсынатын "Arai City Mall" сауда орталығының алдындағы автотұраққа халықтың жиналуынан өріс алды. Сәскеге таман полиция бұл жерден жиырма шақты жасты ұстап әкетті, ал шерушілер оларды босатуды талап етіп шықты.

Сол шамада 51 жастағы белсенді Жәмилә Қасымхан наразы көпшіліктің кескінін көрсету үшін олардың топтасып жатқан жеріне барған екен. Бұл сәтте ол алдағы үш күнде өңірде тіркелетін ең ірі тәртіпсіздіктерді фото мен видеоға түсіріп алатынын білген жоқ-тын. Алдымен кешкі сағат 17:00-ге дейін осында ағылып келген жұртты камераға қармап жүреді. Бұл кезде алаңға жиылған бұқара ақырында қатар жатқан Назарбаев даңғылына да сыймай қалады.

Осыдан кейін олар біртіндеп тарай бастайды: бірқатары үйлеріне қайтса, қалың құрамы облыстық соттың ғимараты алындағы үлкен алаңға барады. Ал сауда үйінің маңында қалғандардың кейбірі біршама масыяп алып, тұрақта тұрған зор шырағша шырпы шағып жібереді, мұнымен да қоймай, әріректе сап түзеген тәртіп сақшыларына соқтықпақшы болады. Бірақ оларды басқа шерушілер тез тоқтатады. Полиция қызметкерлері жағдайды сырттай бақылап тұрғанымен, ешкімге тимеген. Акцияны соның алдындағы желтоқсанда ғана облыстық демократиялық партияның баспасөз хатшысы қызметінен өз еркімен кеткен Ерқанат Сәрсенбай тағы бір қырынан түсіреді. Кейін осы кадрлардың біразы әлеуметтік желіге желгіліп, жан-жаққа жедел тарап жатты...

Сағат 20:30-да облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова сауда үйі алдына келіп, жұртшылықпен келіссөз жүргізбекші болады. Алайда наразы топ жан-жақтан шулап, оған сөйлеуге мүрсат бермейді. Мұның орнына қарсылық қозғалысына қатысушылар бірінен кейін бірі сөз алып, өздерінің тұрмыстық деңгейдегі талай талап-тілегін тізбелеп шығады. Бұлардың дені өмір сүру деңгейінің төмендігіне, жолдардың нашарлығына, азық-түлік

пен бензин бағасының қымбаттауына байланысты болады. Ал жиналғандарға жауап бере алмаған әкім бұл жерден үнсіз шығып кетеді. Осыдан кейін сол маңнан шыға келген бір топ бұзақы аймақ басшысының көлігіне пластик бөтелкелер лақтырып, дөңгелектерін теуіп, шабуыл жасайды. Сөйтіп, әкімнің автомобилі қалың жұрт арасынан өрең сытылып шығып, жылдам көзден ғайып болады.

Түн ұзаған сайын ереуілшілердің қатары жұбайлары мен бала-шағаларын ерткен адамдардың легімен тола түсті. Белсенді Жәмилә Қасымханның сөз етуінше, наразылық толқыны осы сәт кеш қараңғылында көрініс беретін әлдеқандай бір думанды іс-шараға ұқсап кеткен. Себебі, алаңның бір жағында титанмен шәй қойылып, қазанға палау басылып, ошақ басы абыр-сабыр болып жатқан. Бірқатар уақыттан кейін жыныға жиналғандарға буы бұрқыраған шай мен иісі аңқыған палау тегін таратыла бастаған. Көпшілік арасында сол уақта микрофон алдында кезектесіп келіп, өлең оқығандар көп болған. Алаң толы жұрт осымен бірге еліміздің әнұранын да шалқытып шырқаған.

Бірақ ертеңіне жағдай күрт өзгерді. Сауда үйінің маңындағы жұрт осында көрер таңды көзімен атырды. 5 қаңтар күні 08:00 шамасында полициялар түні бойы көлік көп жүрген Назарбаев даңғылының атымын жауып тұрған жиырма шақты қызылордалықты ұстады. Түсік сағат 13:00 өлетінде автотұрақ тағы да жұртшылыққа лық толып, олардың бір шеті даңғылға дейін шығып кетті.

Жәмиланың айтуынша, дәл осы уақытта тәртіп сақшылары наразылық білдірушілерді біртіндеп жеңдерінен тартып, қолтықтарынан ұстап, алып кетуге кіріседі. Бірақ бұған көп ұзамай тегеурінді қарсылық көрсететіндер табылып, екі жақ өкілдерінің қиян-кескі қақтығыстарына кезек келеді. Жиналғандар сол мезетте полиция көліктеріне қарай тас жаудырады. Сосын полиция бұған жауап ретінде көзден жас ағызатын газды, жарықшұлы гранаталарды және резеңке оқтарды демонстранттарға қарсы қолданады. Осыған ерегіскен бүлікшілер енді тұрған көліктерді шетінен өртеуге көшті. Бұдан әрі арнайы жасақ сарбаздары ашуға мінген

жұртшылықтың нөпіріне төтеп бере алмай, қашуға мәжбүр болды.

Сол сәтте Жәмилә полициялардың отқа оранып жатқан автобустары мен мемлекеттік ғимараттардан бұрқырай ұшқан қою қара түтінді видеоға түсіріп алған. Ол шеруге шыққандардың әкімдік жанында тұрған көліктерді қалай ұрлағанын, тобырдың баспасөз қызметінің ғимараты ішін қалай тонауға салып, құрал-жабдықтарын әкеткендерін өз көзімен көреді. Ал Ерқанат елдің туын желбіретіп, жұртты әкімдікке қарай шерулетуге шақырған адамды сырт еткізіп түсіріп алады. Осы кезде оның соңынан ерген қарақұрым халық көкті жаңғыртып, «Шал, кет!» деп ұрандатып ілгері кетіп бара жатады.

Бір кезде Ерқанаттың осының барлығын телефонына көшіріп жүргені көріп қалған бүлікшілердің бірі оған жақындап келіп, «түсірме» деп тыйым салған. Шамасы кейін бұлар өздеріне айғақ болмасын дегені шығар. Десе де, оның бейбіт шеру жағында емес екенін шалақ шалбары мен шолтақ сақалы айқын аңғартқан еді. Осылайша мындаған адам шұбырып, әкімдік ғимаратына жақындағанда, оларды дұлыға, қалқан, дөңбек секілді саймандары сақадай сай СОБР жауынгерлері қарсы алды. Ерқанат сол кезде наразы топтың «Хабар» телеарнасының операторын қоршап алып, одан таспаны дигерлеп тұрып сұрап жатқанын көреді. Олар сосын "камераны сындырамыз" деп қорқытып, флеш картасын тартып алып кеткен. Ереуілшілер қақпадан ішке өткеннен кейін полициялар оларға гранаталарын лақтырып, оқ жаудырады. Бірақ арқыраған топ сонда да қайтпай, ғимараттың терезелерін сындыра бастаған соң жасақ кейін шегінуге мәжбүр болған.

Осы кезде белгісіз бір топ адам шерушілерді полиция департаментінің ғимаратына басып кіруге үндеді. Біршама уақыттан соң әкімдіктің тұрағынан ұрланған жүк көлігі мен жеңіл машина департамент қақпасына қағып өтпек болғанымен қоршауға соғылып тоқтайды. Екі көлік те аулаға кіре алмаған. Полиция тұрағындағы бірнеше көлік өртенді. Соңыра анықталғанындай, біз сәл кейін сөз ететін 29 жастағы жұлындай жігіт Фархат Омаров тап осы жолы мерт

болады. Оның мүрдесін анасы екі күннен соң мәйітханадан табады.

Осы мәурітте 28 жастағы Нұрсұлтан Бекболатов отбасымен бірге қонақы асынан үйіне келе жатқанында оқтын астында қалған. Көліктегі төрт адамның бірі - рульдегі Нұрсұлтаннның өзі осында опат болады. Үйдің қалған адамдары аман шығады. Зардап шеккендерді өтіп бара жатқан басқа көлік ауруханаға жеткізіп салады. Ал Ерқанат полиция ғимаратын басып алуға жасалған бірнеше әрекет сәтсіз аяқталғанын көргенін мұның өте қауіпті тірлік екенін ойға алып тез үйіне қайтып кетеді. Бірақ сол кездерде түсірген кадрлары арқылы әлеумет Сыр бойында нендей оқиғалар болып жатқанынан жақсы хабардар бола алды.

Қызылорда билігі келтірілген шығынды есептегенше, бірнеше күннің дидары өзгерді. Ақырында 24 мемлекеттік және коммерциялық ғимараттың зақымданғаны, 718 адамды полицияның ұстағаны, 210 адамға медициналық көмек көрсетілгені, олардың 35-і ауруханаға жатқызылғаны айғақталды. Қаза тапқандардың ішінде күштік құрылымның өкілдері де болды. Иә, Қаңтар қақтығысында Алматыдан кейін осы қала қасірет қамытын көбірек киді. Сол күндері Акмешіт топырағы 26 боздақтың құшағына алды. Жойқын жорықтар жосығында жон арқасынан тұзды таспа тілдіріп алған елді мекендердің санатында да Қызылорда алдыңғы шеп шегінде тұрды. Кезінде баспасөз құралдарында атап өтілгендей қиратуларға көбірек ерік беріп қойған елді мекендер сапында да бұл қала бар еді. Еліміздің 8 өңірінде мемлекеттік органдар ғимаратына залал келтірілсе, солардың қатарын Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы, Жамбыл, Қызылорда облыстары құрады. Қарсылық қозғалысы облыстың Арал, Сексеуіл, Әйтеке би, Шилі және Жаңақорған елді мекендерінде де көрініс көрсетті.

Шынымды айтсам, туған қалам - Қызылорданың осы қаралы тізімнің жуан тізбегінде тұрғаны менің жүрегімді ауыртады. Бұлай деп отырғаным, Қаңтар қақтығысы біздің баршамыз үшін санадан өшпейтін сабақ қана емес, сонымен бірге адами қалпымыз бен адамгершілік салтымызды безбен басына салған сындарлы сынақ

та болды. Міне, сол елдік емтиханынан ежелден қазақылық пен мейірімділіктің, татулық пен ынтымақтас-тықтың үлгісіндей болып келе жатқан Акмешіт өңірінің кей азаматтары өте алмай қалды. Жай өте алмай қоя салған жоқ, қаныпезерлік пен қанышерліктегі кеселдің кесіріні көрсетіп кетті.

Әйтпесе, еліміздің күштік құрылымдары сапында өзінің отан алдындағы борышын өтеп жүргені болмаса, басқа титтей де кінәсі жоқ, әскер қатарына алынғанына алты ай уақыт енді ғана толған, әлі он екіде бір гүлі ашылмаған өңірдей жігіт қараптан қарап тұрып бүлікшілердің қолынан қаза табар ма еді! Елінің отыз жыл бойы аяусыз тоналғанына, халықтың тұрмыстық жағдайы барған сайын төмендеп бара жатқанына 19 жастағы ұланның не қатысы бар? Әлде республикада жаңадан пайда болған байлар мен кедейлер қауымының арасындағы алшақтықтың бірте-бірте ұлғая түскеніне, қазақтың жетпіс жеті атысынан бері сақталып келе жатқан қазынасы санаулы ғана адамның қолында кеткеніне, бұлардың кейбіреуінің тіпті бұл жерге тұқ қатысы жоқ келімсектер екеніне сол бозбала айыпты ма еді? Жалпы, сол күндері елдің тыныштығы мен бостандығын қорғап қалуға тартылған жауынгерлердің қайсысы айтылған жайттар үшін жауапты? Бұлардың өздері де, ата-аналары да өңге көп жұрт секілді қалт-құлт етіп күнелтіп жүрген тұрғындар санатынан екенін сол мезет есіне алған бұзақылар болды ма?

Бола қоймаған сияқты. Олай дейтініміз топ болып жиналып алғаннан кейін барлық күш-қуат пен билік өздерінің қолдарына толық көшкендей сезім сезбегісінде болған бүлікшілер бұдан кейін алдарында кім, не тұрғандарына байып беріп жатпай, бірден өршелене алға ұмтылып, жолында кездескеннің бәрін таптап өтуге тырысқан әрекеттің әуеслесінде кетті. Осы тобасыз тобыр үшін бұлардың бәрі өздерін жылдар бойы тонап келген жасанған жау болып көрді. Сол шақта көздеріне қан толғандар үшін адамгершілік деген асыл қасиет мүлде әдірмен қалды. Оның орнына ерік-жігерлерін ақкөз ақилық пен адуын ашу-ыза билеп алды...

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

БЕРЕШЕКТІ РЕТТЕУ: ҚАРЫЗ АЛУШЫ НЕНІ БІЛУІ ҚАЖЕТ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі заңнамаға сәйкес қарыз алушылардың банктермен, микроқаржы ұйымдарымен (МҚҰ) және коллекторлық агенттіктермен өзара іс-қимылының бірыңғай тетігі жұмыс істейтінін еске салады.

ҚАРЫЗ АЛУШЫ НЕНІ БІЛУІ ҚАЖЕТ?

Қаржылық қиындықтар туындаған жағдайда қарыз алушы міндеттемелерді орындау шарттарын өзгерту туралы өтінішпен өзінің кредиторына (банк, МҚҰ немесе коллекторлық агенттік) жүгінуге құқылы.

Өтінішке қаржылық жағдайдың нашарлауын немесе кешіктіру себептерін растайтын құжаттар қоса берілуі қажет. Бұл жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама, жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы, жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы актісі немесе жақын туыстарының, қарыз алушының жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама, қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама, қарыз алушыға жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде келтірілген материалдық залалды растайтын құжаттар, мүгедектік туралы анықтама, сот актілері және қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау

фактісін растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Өтініш кредитордың мекен жайы бойынша жеке, сондай-ақ егер бұл шартта көзделген болса, мобильді қосымша немесе электрондық пошта арқылы берілуі мүмкін. Қарыз шарттарын өзгертуге өтініш беру тәртібінің егжей-тегжей жағдайларын кредитордан білуге болады.

Өтінішті қарау және кредитордың шешім қабылдауы күнтізбелік 15 күнге дейін уақыт алады.

ЕГЕР КРЕДИТОРДЫҢ ШЕШІМІНЕ ҚАНАҒАТТАНБАСАҢЫЗ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер кредитордың шешімі қарыз алушыны қанағаттандырмаса, онда ол банк немесе микроқаржы оңдандырушына жүгінуге құқылы. Банктік қарыз бойынша өтінішті bank-ombudsman.kz сайты арқылы жіберу қажет. Өтінішке шарт және төлемдер кестесі, банкке немесе коллекторлық агенттікке жүгінудің дәлелі және олардың жауабы, сондай-ақ қаржылық қиындықтарды растайтын құжаттар қоса берілуі қажет.

МҚҰ-ға қарыздар бойынша өтінішті mfoombudsman.kz сайты арқылы жіберу қажет. Өтінішке өтініш пен сауалнама, микроқарыз шарты және өтеу кестесі, МҚҰ-ға өтініштің дәлелі және олардың жауабы, сондай-ақ қаржылық жағдайдың нашарлағанын растайтын құжаттар қоса берілуі қажет. Банк және микроқаржы

омбудсмандарының қызметтері тегін. Олардың шешімдерін банктер мен МҚҰ орындауға міндетті. Омбудсмандар қарыз алушы мен кредитор үшін өзара қолайлы шешім табуға көмектеседі.

Маңызды: омбудсманға өтінішті кредиторға ресми түрде жүгінгеннен кейін және жауап алғаннан кейін ғана бере аласыз. Ақылы «делдалдар» деп аталатын адамдарға көмекке жүгінуге ұсынылмайды. Кредитор мен омбудсмандарға өтінішті дербес түрде бере аласыз.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Егер қарыз алушының борышты өтеуге мүмкіндігі болмаса, «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңда жеке тұлғалардың соттан тыс банкроттығы рәсімі көзделген.

Банкроттық рәсімі қарыз алушыларға берешек мәселелерін заңды түрде шешуге және борыштық міндеттемелерін толығымен тоқтатуға мүмкіндік береді, бірақ оны бастамас бұрын барлық салдарды бағалау қажет.

Маңызды: банкроттықтың өз салдары бар (рәсім аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде қарыз алушы жаңа кредиттер мен микрокредиттер ала алмайды, рәсім аяқталғаннан кейін 3 жыл ішінде банкроттық қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі, қайта банкроттық 7 жылдан кейін ғана мүмкін болады).

Соңғы уақытта БЖЗҚ бөлімшелеріне міндетті зейнетақы жарналары аударылмағаны туралы хабар алған азаматтар жиі жүгінетін болды. Алаяқтар өздерін Қор қызметкері ретінде таныстырып, бірнеше жыл еңбек өтілі зейнетақы есептеу кезінде ескерілмей қалғанын айтып, соның негізінде зейнетақыны қайта есептеп, мөлшерін арттыруға болатынын айтатын көрінеді.

АЛАЯҚТАР ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТЕДІ?

Алаяқтар сенімге кіру мақсатында Қордың нақты жұмыс істейтін бөлімшелерінің мекен жайын айтып, азаматтарды сол жерге келуге шақырады. Филиалға жүгінушілердің айтуынша, қызметті «жылдам әрі ыңғайлы алу үшін» алдын ала электрондық кезекке қоямыз деп, SMS арқылы келген растау кодын айтуды сұрайды. Өкінішке қарай, мұндай кодтарды алаяқтарға хабарлап қойған азаматтар да бар.

Маңызды ескерту! БЖЗҚ қызметкерлері қоңырау соқпайды, телефон арқылы, электрондық пошта немесе мессенджерлерде SMS-кодтарды, құпия сөздерді, банк карталарының деректемелерін және өзге де құпия ақпаратты ешқашан сұрмайды. БЖЗҚ барлық қызметтерді тегін көрсетеді. Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң тәртіппен жүзеге асырылады.

Қоңырау шалушы сіздің аты-жөніңізді, ЖСН-іңізді, мекен жайыңызды немесе жұмыс орныңызды білгенімен, бұл оның ресми қызметкер екенін білдірмейді. Мұндай мәліметтер алаяқтардың қолына ашық дереккөздерден түсуі мүмкін.

- **Өзіңізді қалай қорғауға болады?**
- SMS арқылы келген кодтарды және жеке деректеріңізді ешкімге бермеңіз.
- Өңгіме SMS-код туралы басталған сәтте күмәнді қоңырауды бірден тоқтатыңыз.
- Ақпараттың дұрыстығын тек ресми арналар арқылы тексеріңіз (байланыс орталығы, ресми сайт немесе мобильді қосымша)
- Алаяқтық белгілері байқалған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарласыңыз.
- Қырағы болып, жақындарыңызды, әсіресе егде жастағы туыстарыңызды алаяқтардың әрекетінен қорғаңыз!

БЕТТІ ТҰМШАЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН БА?

Бүгінде қоғамдық орындарда азаматтардың бет-жүзін тануға кедергі келтіретін киімдерді киюге қатысты заң талаптарының сақталуын бақылауда. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мәліметінше, бұл норма «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» заңның 75-бабы 3-тармағында көзделген.

Заңға сәйкес, адамның түр-сипатын көзбен тануға кедергі келтіретіндей дәрежеде бетті жабатын киімдерді қоғамдық орындарда кию құқық бұзушылық болып саналады. Алайда тыйым ауа райы жағдайларына, медициналық көрсеткіштерге, қызметтік міндеттерді орындауға, сондай-ақ спорттық және мәдени іс-шараларға қатысу жағдайларына қолданылмайды екен.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мәліметінше, жауапкершілік Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-3-бабында қарастырылған.

Алғашқыда ескерту беріледі. Егер заң бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Қазіргі уақытта осы бап бойынша 1179 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

КРЕДИТТІК КАРТАНЫ ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗ ӘРІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

Кредиттік карта қысқа мерзімді кредит бере отырып, сатып алынған заттар үшін төлем жасауға мүмкіндік береді. Артық шығындарды болдырмау үшін ақшаны белгіленген мерзімде қайтару маңызды. Кредиттік картаны дұрыс пайдалану қаражатты үнемдеуге және қаржылық тәуекелдерді болдырмауға көмектеседі.

- 1. Берешекті грейс-кезеңде өтеңіз**
Грейс-кезең – бұл жұмсалған ақшаны пайызсыз қайтаруға болатын мерзім (әдетте 30-60 күн). Негізгі қағида – қарызды мерзімі аяқталғанға дейін өтеу. Мысалы, егер-грейс кезең 25-і күні аяқталса, тұтастай соманы осы күнге дейін енгізу маңызды, олай болмаған жағдайда банк пайыздар есептей бастайды.
- 2. Кредиттік картадан қолма-қол ақша алудан аулақ болыңыз**
Кредиттік картадан қолма-қол ақша алу – қолайсыз операция. Банкер комиссия алады және пайыздарды жеңілдік кезеңін бермей, бірден есептейді. Кредиттік картаны тек қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін пайдаланыңыз.
- 3. Кредиттік картадан ақша аудармаңыз**
Басқа карталарға аударымдарға әдетте грейс-кезең қолданылмайды, яғни пайыздар бірінші күннен бастап

- есептеледі. Егер сізге ақша жіберу қажет болса, дебеттік картаны немесе басқа тәсілдерді қолданған дұрыс.
- 4. Бонустық бағдарламаларды пайдаланыңыз**
Банкер кэшбэк, жеңілдіктер мен бонустық бағдарламаларды ұсынады. Сатып алынған заттар үшін кредиттік картамен ақы төлеу арқылы қаражаттың бір бөлігін қайтарып алуға немесе балл жинауға болады. Алайда, бонустар есептеу шарттарына сәйкес маңызды.
- 5. Картаның қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз**
 - Картаның деректерін үшінші тұлғаларға бермеңіз;
 - Қиын PIN-кодтар мен құпиясөздерді қолданыңыз;
 - Барлық операцияны бақылап отыру үшін SMS-хабарламаларды қосыңыз;
 - Сатып алынған заттар үшін тек тексерілген сайттарда төлем жасаңыз;
 - Картаны жоғалтқан кезде оны банк арқылы бірден бұғаттаңыз.
- 6. Қомақты сауданы жоспарлаңыз**
Егер сіз қомақты сауда жасауды жоспарлап отырсаңыз, оны есеп айырысу кезеңінің басында жасаған дұрыс, осылайша сізде берешекті пайызсыз өтеуге көбірек уақыт болады.

ЕУРОХАТТАМА: ЖКО КЕЗІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН РЕСІМДЕУДІҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТӘРТІБІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі міндетті автосақтандыру бойынша сақтандыру төлеміне өтінішті ресімдеудің оңайлатылған тәртібі (Еурохаттама) туралы еске салады.

Еурохаттама жол-көлік оқиғасына (ЖКО) қатысушыларға жол полициясы қызметкерлерін шақырмай және сотқа жүгінбей, апат орнында сақтандыру ұйымына тікелей сақтандыру төлеміне өтініш жіберуге мүмкіндік береді. Ол үшін мынадай шарттар қажет: жол-көлік оқиғасына екі көлік құралы қатысады, екі жүргізушіде де қолданыстағы сақтандыру полисі бар, залал сомасы 100 АЕК-тен аспайды, қатысушылар арасында кінәлі тарапқа қатысты келіспеушіліктер жоқ. Сондай-ақ, ЖКО салдарынан ешкімнің өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірілмеуі міндетті шарт болып табылады.

Еурохаттаманы ресімдеу үшін ЖКО-ға қатысушылардың екеуіне де «Europrotocol», «ДТР.kz» немесе «Halyk Kazakhstan» мобильді қосымшалардың біреуін жүктеп алу қажет. Мобильді қосымшалардан басқа, сақтандыру ұйымдарының ресми интернет-ресурстары арқылы сақтандыру төлеміне жүгінуге болады. Одан әрі сәйкестендіруден өтіп, декларацияларды толтыру қажет, апат болған жерден фотосуреттер мен видеоларды тіркеу керек – содан кейін өтініш автоматты түрде сақтандыру ұйымына жіберіледі. ЖКО қатысушылары сақтандырушының декларацияны қабылдағаны туралы хабарлама алғанға дейін көлік оқиғасы болған жерден кетпеуге тиіс. Әрі қарай қатысушылар оқиға орнынан кете алады. Жол полициясын шақыру және сотқа жүгінуге талап етілмейді.

Бүгінгі күні Еурохаттама бойынша 27 822 оқиға бойынша 5,5 млрд. теңге төленді. Бұл тетікті пайдалану сақтандыру төлемдерін алу мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ жол инфрақұрылымы мен сот жүйесіне жүктемені азайтуға ықпал етеді.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАНДАР ҰПАЙМЕН ЖАЗАЛАНАДЫ ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?..

20 балл жинаған жүргізуші куәлігінен айырылады. Қазақстанда жол қозғалысы ережесін бұзғандар үшін жаңа есеп жүйесі енгізіледі. Көлік айдау ережесін бұзғандар енді айыппұлмен ғана емес, арнайы балл жүйесі арқылы да бағаланады.

Жаңа тәртіпке сәйкес, жүргізушілер жасаған әрбір құқықбұзушылық үшін балл жинайды. Егер бір жыл ішінде бұл көрсеткіш 20 баллға жетсе, жүргізуші куәлігінен айырылып, алты айға дейін көлік басқару құқығынан шеттетіледі. Кейін қайтадан рөлге отыру үшін емтихан тапсыру қажет болады.

Бұл ретте балл тек әкімшілік іс бойынша қаулы заңды күшіне енгеннен кейін ғана есептеледі. Бұл жүргізушілердің

шағымдану құқығын сақтауға мүмкіндік береді. Жиналған балл бір жыл бойы күшінде болады. Жаңашылдық тек жүргізушілерге ғана емес, жаяу жүргіншілерге де қатысты болмақ. Егер жүргізуші куәлігі жоқ азаматтар 20 балл жинаса, олардың алты айға дейін жүргізуші куәлігін алу мүмкіндігі шектеледі.

Қазіргі уақытта жаңа жүйенің нақты іске асу тәртібі әзірленіп жатыр. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бірлесіп, жобаның барлық тетіктерін қарастыруда.

Бұған дейін жол ережесін өрескел бұзғандарға айыппұлмен қатар, 15 тәулікке дейін әкімшілік қамау жазасы да қолданылып келеді.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ескертеді: қаржы пирамидаларына қатысу әрқашан дерлік салынған қаражаттың жоғалуына әкеледі. Мұндай схемалардың сыртқы тартымдылығына қарамастан, олардың нақты экономикалық негізі жоқ және олар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзады.

Қаржы пирамидалары азаматтарды тарту үшін цифрлық технологияларды, әлеуметтік желілерді, психологиялық айла-шарғыларды және кәсіби риториканы қолдана отырып, үнемі дамып отырады. Алайда олардың базалық қағидаты өзгеріссіз қалады – ескі қатысушыларға төлемдер нақты кәсіпкерлік қызмет есебінен емес, жаңа салымшылардың ақшасы есебінен жүргізіледі.

Қаржы пирамидасының негізгі белгілері
Азаматтар мынадай сипаттамалық белгілер болған кезде сақ болулары керек:

Жоғары кіріс туралы уәде беру
Егер ұсынылған табыс нарықтық көрсеткіштерден едәуір асып кетсе және «кәсіпкерлік берілген» деп ұсынылса, бұл әрқашан дерлік алаяқтық схеманы көрсетеді. Нақты инвестициялар тәуекелсіз тұрақты және әдеттен тыс жоғары пайда әкелмейді.

Міндетті түрде жаңа қатысушыларды тарту

Төлемдердің негізгі көзі – жаңа салымшылардың ақшасы. Қаражаттың тұрақты ағыны болмаса, схема тез бұзылады. Көбінесе қатысушыларға таныстарын тарту үшін қосымша бонустар беріледі.

Лицензия мен ашықтықтың болмауы
Ұйымдастырушылар Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі лицензиясының бар екенін растай алмайды. Шарттарда салымдардың сақталуына нақты жауапкершілік жоқ, ал қаржылық есептілік мүлдем ашылмайды.

Интернеттегі жойқын жарнама
Мессенджерлер, әлеуметтік желілер және жабық чаттар, қолма-қол ақшамен немесе электрондық әмияндар арқылы мәжбүрлі түрде төлеуге шақыру, ресми банк арналарын айналып өту.

«Заңды жобалар» ретінде жасырыну
Ұйымның атауында «инновациялық қор», «инвестициялық клуб», «қаржы орталығы», «борыштық бағдарлама», «онлайн-бизнес», «кәсіпкерлік берілген кіріспен стартап» сияқты жаңылыстыратын атаулар қолданылады.

Бастапқы жарналардың аздығы
Кіру шегінің аздығы жалған қауіпсіздік сезімін

тудырып, біртіндеп үлкен инвестицияларға итермелейді.

Пирамидалар басқа қызмет түрлері ретінде қалай бүркемеленеді?

Жалған букмекерлер. Алаяқтар лицензиясы болмай, «кәсіпкерлік берілген ұтыстарға» уәде береді. Мессенджерлерде жиі жалған чектер жібереді, ал заңды істейтін букмекерлер ресми электрондық немесе кассалық чектер береді.

Жалған инвестициялар. Азаматтарға «болашағы бар онлайн-жобаларға» немесе крипто-стартаптарға инвестиция салуды ұсынады, содан кейін мол табысқа уәде береді. Іс жүзінде ақша жиналады, одан кейін ұйымдастырушылар ізін суытады. Мұндай схемалар әрдайым жаңа қатысушыларды тартуды қажет етпейді.

Қаржы пирамидасының желілік маркетингтен айырмашылығы неде?

Желілік маркетингте кіріс тауарларды немесе қызметтерді нақты сату есебінен қалыптасады. Қаржы пирамидасында жаңа қатысушылардың ақшасы жалғыз кіріс көзі болып қала береді, бұл – басты айырмашылық.

Егер алаяқтыққа күдіктенсеңіз, не істеу керек?

Дереу полицияға және Қаржылық мониторинг агенттігіне (ҚМА) хабарласыңыз;

Ресми өтінішті мүмкіндігінше ерте жіберіңіз, себебі бұл ақшаны қайтару мүмкіндігін арттырады;

Барлық хат-хабарды, шарттарды, чектерді және аударым жасау дәлелдерін сақтаңыз; Туыстарыңыз бен таныстарыңызға қаржы пирамидасының келесі құрбаны болмауын ескертіңіз.

Өзіңізді қаржылық алаяқтықтан қалай қорғауға болады?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайтында лицензиясының бар-жоғын тексеріңіз; Ақшаны күмәнді әмияндар арқылы аудармаңыз және қолма-қол есеп айырыспаңыз; «Кәсіпкерлік берілген пайда» туралы уәделерге сенбеңіз; Жабық чаттар мен «тек өзіміз үшін» деген ұсыныстардан аулақ болыңыз.

Маңызды: Қаржы пирамидаларын құру және тарату қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. ҚР ҚК 217-бабы бойынша мүлкі тәркіленіп, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы, сондай-ақ белгілі бір қызметпен айналысуға өмір бойына тыйым салу көзделген.

Бет материалдарын дайындаған
Расул ДАЙРАБАЙ

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ – БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Халықаралық балаларды қорғау күнінде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Мемлекет басшысының қолдауымен салынған Ботаникалық бақтың ашылу рәсіміне қатысты.

Мерекелік рәсімде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Мемлекет басшысының қолдауымен салынған Ботаникалық бақтың ашылу рәсіміне қатысты.

Мерекелік рәсімде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Мемлекет басшысының қолдауымен салынған Ботаникалық бақтың ашылу рәсіміне қатысты.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай

жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау – мемлекетіміздің басты міндеті», – деген болатын.

Бүгін Президент саябағының аумағынан ашылған Ботаникалық бақ – осы ауқымды бастаманың аймағымыздағы нақты өрі жемісті көрінісі. Бақ ішіне Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкада өсетін жасыл желек егілді. Осы арқылы жас жеткіншектерге өсімдіктердің экожүйедегі маңызы түсіндіріледі. Бұл жай ғана балалар серуендейтін саябақ емес, табиғат пен ғылымды ұштастыратын, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын көпфункционалды кешен болмақ. Балаларымыз осы жерде табиғатпен тілдесіп, экожауапкершіліктің, еңбекқорлықтың шынайы үлгісін көреді. Осы бақтан біздің аймақтың ғана емес, бүкіл еліміздің экологиясын зерттейтін болашақ ғалымдар, биологтар мен агрономдар шығады деп сенеміз», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов құттықтау сөз сөйледі. Білім беру саласының дамуына елеулі

үлес қосқан ұстаздар мен жаңа нысан құрылысын мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ботаникалық бақ – экологиялық танымды, туризмді дамытуға және жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған заманауи көпфункционалды кешен. Жалпы ауданы 1500 шаршы метр болатын екі жылыжайға Африка, Оңтүстік Америка, Австралия, Жапония, Қытай және Мадагаскар сияқты өлемнің әр аймағынан 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік егілген. Веерлі пальма, Канар құрмасы, кактус пен алоэ, Вашингтония пальмасы, стрелиция, жакаранда, алып юкка, мақта ағашы, бамбук, сәндік өсімдіктер, каритога жайқалып тұр. Бұл өсімдіктер гүлдегенде хош иісі аңқып, қызғыл сары, көгілдір, күлгін сияқты алуан түске боялады. Өсімдіктерге қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқару, суару және су дайындауды



заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Ботаникалық бақ өсімдіктердің бірегей түрлері өсетін орын ғана емес, экологиялық мәдениеттің, білім берудің және ішкі туризмнің дамуына қызмет ететін, аймақ тұрғындары мен қонақтары

жмі бас қосатын мекенге айналады.

Мұнда студенттер, мектеп оқушыларының, табиғат жанашырларының танымын кеңейтуге барлық жағдай жасалған. Ботаникалық бақтың ерекше атмосферасы келушілерге жайлылық сыйлайды.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР – «ЕҢ ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ КОМАНДА»

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев халықаралық, республикалық пәндік олимпиада, ғылыми жоба конкурстарының жеңімпаздарымен және олардың жетекші ұстаздарымен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысының білім мен ғылымға ұмтылысты қолдауының арқасында өңірде ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Расында, дарынға ие болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді», – деген болатын.

Дана халқымыз «Білім – таусылмайтын кен» деп бекер айтпаған. Қай заманда болсын, елдің енесін тіктеп, болашағын баянды ететін күш – білімді ұрпақ. Сыр өңірінің ғана емес, күллі Қазақстанның мерейін үстем етіп жүрген Өздеріңіздей талапты да талантты жастармен кездесудің мәні зор», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Был 29 оқушы халықаралық олимпиадалардың жүлдегері атанса, 143 оқушы республикалық олимпиада, ғылыми жоба байқауларында үздік нәтиже көрсетті. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысымен Қызылорда облысының командасы «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясын иеленді. Сонымен қатар, екі оқушы жоғары оқу орындарының білім грантын жеңіп алды.

Салтанатты жиында 30 жетекші ұстаз облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, шипажайға жолдама алды. Халықаралық және республикалық білім додала-



рында үздік нәтиже көрсеткен 36 оқушыға облыс әкімінің Алғыс хаты мен планшет табысталды. Оқушылар мен ұстаздар ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

Кейінгі жылдары Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен өңірде 200-ден астам әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Оның ішінде білім беру саласында 46 жаңа нысан іске қосылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынды. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты мен музыкалық колледждің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

«Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жаңақорған және Шіелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» іске қосылды. Жақында жаңа балалар тынығу лагері пайдалануға беріліп, алғашқы демалушыларды қабылдады. Бүгін Президент саябағындағы Ботаникалық білім беру орталығы ел игілігіне табысталды.

ЖАЗҒЫ ТОҒЫЗ ЛАГЕРЬДЕ МЫҢДАҒАН БАЛА

Халықаралық балаларды қорғау күнінде Қызылорда қаласындағы Президент парк аумағында жаңадан ашылған «AI-Keiim» оқу-сауықтыру орталығында жазғы тынығу лагерлерінің маусымы салтанатты түрде ашылды.

Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, жас өрендерді мерекелен және маусымның ресми ашылуымен құттықтады.

«Бала – отбасының бақыты, мемлекеттің – болашағы. Ел ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Сондықтан балалардың дені сау, жан-жақты дамыған азамат болып қалыптасуы – мемлекетіміздің басты бағыттарының бірі.

Президентіміз балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуына ерекше мән беріп, сапалы білім алуына, шығармашылық қабілетін шыңдауға, жазғы демалысты тиімді ұйымдастыруға тұрақты қолдау көрсетіп келеді.

Кейінгі жылдары біздің аймағымызда білім беру, мәдениет, спорт және қосымша білім беру ұйымдарының саны артты. Алда сіздерді қызықты кездесулерге, танымдық іс-шараларға, спорттық жарыстар мен шығармашылық байқауларға толы жарқын жаз күтіп тұр. Баршаңызды мерекелен құттықтай отырып, көтеріңкі көңіл-күй мен толайым жетістіктер тілеймін!» – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Бір күнде тоғыз лагерь бір мезетте өз жұмысын бастап, мыңдаған баланы қабылдады.

Мемлекет басшысының қолдауымен салынған «AI-Keiim» оқу-сауықтыру лагері материалдық-техникалық базасы мен білім беру мүмкіндіктері жағынан елімізде баламасы жоқ, бірегей орталықтың қатарында. Мұнда робототехника, ұшқышсыз ұшу аппараттарын басқару, инженерлік жобалау, IT-технологиялар және басқа да инновациялық үйірмелер жұмыс істейді. Бұл балалардың болашақ мамандықтарына қызығушылығын арттырып, жаңа технологияларды меңгеруіне жол ашады.

ӘКІМ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНА БАРДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күнінде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов облыстық көпбейінді балалар ауруханасына арнайы барды.



Алдымен аймақ басшысына аурухана жұмысы таныстырылып, балалар денсаулығын нығайтуда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндалды. Медициналық мекемеде 18 жасқа дейінгі жеткіншектерге қызмет көрсетіледі, 420 тесек-орынға есептелген, 13 бөлімше бар. Салаға көрсетілген қолдаудың арқасында өңірдегі сәби өлімі 20,2 пайыз, бала өлімі 16,4 пайыз, ал жалпы аурушандық 9,8 пайыз төмендеген.

Мұрат Нәлқожаұлы салауатты орта қалыптастыру, аурудың алдын алу бағытындағы жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыруға қатысты жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берді. Әрі қарай емделушілерді бүгінгі мерекелен құттықтап, арнайы әзірленген сый-сияпатты табыстап, ақжарма тілегін арнады.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы аурухананың сәулелі диагностика бөліміндегі МРТ аппаратының жұмысын көрді.

Кейінгі жылдары «Қамқорлық» балалар оңалту орталығы Жаңақорғанда және дәл осындай орталық Арал ауданында да ашылды. Облыстық көпбейінді балалар ауруханасының жанынан «Қамқорлық» ерте араласу оңалту орталығы да пайдалануға берілді.

«Қазақстан халқына» қорымен тұрақты өріпестіктің арқасында 10 млрд. теңгеден астам қаржыға маңызды әлеуметтік жобалар жүзеге асты, оның 5 млрд. теңгесі денсаулық сақтау саласына бағытталды. Бұл қаржыға «Қамқорлық» оңалту орталықтарына медициналық жабдықтар, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды.

Бүгінде ана мен бала өмірін сақтау, денсаулығын жақсарту, демографиялық өсімді қамтамасыз ету үшін Қызылордадағы Президент саябағы аумағынан 200 орындық жаңа перинаталдық орталық салынууда.

Бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 тесектік көпбейінді аурухана, сол жағалауда және Титов шағын ауданында емханалар бой көтеріп келеді.

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫНА ӨТІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде 2026 жылғы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындау конкурсының басталуына орай брифинг өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров, конкурстық комиссия мүшесі Ғайни Есембекова және 2025 жылғы грант иегері Аяған Өмірбаева қатысты.

Жиында 2021 жылдан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен шығармашыл жастарды қолдау мақсатында жыл сайын «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бөлініп келетіні атап өтілді.

2026 жылы республикалық деңгейде әрқайсысы 3 млн. теңгеден 30 грант беріледі. Грантқа Қазақстан Республикасының 14 пен 35 жас аралығындағы (34 жасты қоса алғанда) азаматтары үміткер бола алады.

Грант конкурстық негізде келесі 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін беріледі:

- «Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;
- «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға, ұлттық дәстүр мен өнерді ілгерілету бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;
- «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге



арналған;

- «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;
- «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;
- «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 2026 жылғы 21 сәуірден 21 маусым аралығында (21 маусым күні сағат 24:00-ге дейін) қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (мемлекеттік және немесе) орыс тілдерінде):

Конкурстық өтінім: <https://forms.gle/8Edm9PwoqZZQyW287>

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (PDF форматы);

Жоба бойынша (60 секундтан аспайтын) бейнематериал немесе (10 слайдтан аспайтын) презентация;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (PDF форматы);

Зияткерлік меншік туралы мәлімет (бар болса, PDF форматы);

Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы).

Анықтама үшін байланыс телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 777-114-66-82

E-mail: t.urpaqtary2026@gmail.com (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін)

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

ТЕРМИНШІЛЕР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Тіл саясаты комитеті, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жыл сайынғы республикалық терминшілер байқауын бастады!

Байқауға 18 жасқа толған ҚР кез келген азаматы қатыса алады. Ұлттық сипаттағы терминжасамаға өркімнің үлес қосуға мүмкіндігі бар. Небәрі 5 термин ұсынып, жүлделі орынға ие болыңыз!

Жеңімпаздар марапаттау рәсіміне Астана қаласына шақыртылады. Өтінімдер және сұрақтар бойынша байланыс: termincom2021@gmail.com, +77172251465

TIL-QAZYNA Termincom.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНШІЛЕР БАЙҚАУЫ

Байқау өтімі 2026 жылдың 20 сәуір мен 31 тамыз аралығында қабылданады

БАЙҚАУДЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

- Бас жүлде – 250 000 теңге
- I орын – 150 000 теңге
- II орын – 100 000 теңге
- III орын – 70 000 теңге
- Ынталандыру – 25 000 теңге